Бекітілді ______
«Babi» жеке бөбекжайының
әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы
Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 01-05.09.2025 ж
Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
Құзыреттілік: Инновациялық ойлау

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 01.09.24ж | Сейсенбі 02.09.24ж | Сәрсенбі 03.09.24ж | Бейсенбі 04.09.24ж | Жұма 05.09.24ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Мереке күні | Жаз мезгілінде өткен қызықты күндері туралы әңгімелесу. | Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттермен жұмыс.<br><br>Ана тіл туралы түсініктерін кеңейтіп, әңгімелесу. | «Әріп-дыбыстан» сиқырлы елі- «Әріптер әлеміне» саяхат.<br><br>Ана тіл туралы мақал-мәтел жаттау. | «Мен не білемін?» сұрақ-жауап әдісі арқылы күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс айтқызу.. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Балаларды таныстырып,бір-бірімен достастыру<br>Кішкентайынан бастап үлкендерді, жақындарын сыйлау керектігін үйрету және баламен таза қазақша сөйлесу. | | | | |

| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | |
|---|---|
| «Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы: «Балабақшадағы алғашқы күнім»<br>Балалармен сұрақ-жауап өткіземін:<br>- Аты-жөнің кім?<br>- Сен неше жастасың?<br>- Өз түріңді, мінезіңді сипатта. |

| | |
|---|---|
| | - Қай жерде тұрасың?<br>- Аға, апа, іні, қарындасың бар ма?<br>- Не ігенді ұнатасың?<br>- Қандай ойыншықтармен, кіммен ойнағанды ұнатасың? (Балалар менімен әңгімелеседі)<br>Ұлттық ойын: «Асықтар»<br>Шарты: Үстел үстінде түрлі- түсті шашыраңқы асықтар болады. Сол асықтардың атауын тауып, келесі қарсыласына шертіп лақытарыды. Кімнің асығы көп сол жеңіске жетеді.<br>Күй күмбірі: Ұлттық ойын барысында Дәулеткерейдің «Қосалқа» күйі қосылады.<br>Сергіту сәті<br>Топ-топ етіп басайық<br>Ауылға біз барайық<br>Қозыларды санайық<br>Бір, екі, үш деп,<br>Алақанды соғайық,<br>Төрт, бес, алты деп<br>Қораларға қамайық<br>Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала». (Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттермен жұмыс). – Мынау кім? – Мынау – қыз. – Қыз қайда келді? – Қыз балабақшаға келді. |
| «Болашақ» ересек Тобы | Тақырыбы: «Тіл-тұтастық туы!»<br>1.Айгөлектің қонаққа келуі.<br>2.Даналық әліппесімен жұмыс.<br>3. «Ақсақ құлан» аңызын (аңыз мультфилмін көрсету арқылы) баяндау.<br>4.Сергіту сәті.<br>5.Ұлттық ойын: «Хан»<br>Шарты:Көнге жиналған асықтарды бір жерге басын қосып біріктіреді. Сонан кейін көп асықтың ішінен бір белгілі асықты «хан» сайлайды. Екінші ойыншылар көнге жиналған (әр ойыншы не бес, не он асықтан қосуға тиіс) асықты иіретін ойын жүргізуші тағайындап алады. Ол жиналған асықты ортаға екі қолдап иіріп тастай береді. Барлық асықтарды иіріп болған кезде «хан» көп асықтың арасында көрінбей қалуы мүмкін, мұндай жағдайда ойнаушылардың барлығы асықты иірушінің «ханды қара басты» деген даусын естігеннен кейін бассалып асықтарды талап алады.<br>6.Күй күмбірі: Ұлттық ойын барысында Кетбұғаның «Ақсақ құлан» күйі қосылады.<br>7.Аңызға кері байланыс жасау,әңгімелету.<br>8.Сөз тілі,саз тілі-тіл-тұтастық туы!(қорытындылау) |

Бекітілді

«Babi» жеке бөбекжайының

әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы

Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 08-12.09.2025ж

Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: Инновациялық ойлау

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 08.09.2024ж | Сейсенбі 09.09.2024ж | Сәрсенбі 10.09.2024ж | Бейсенбі 11.09.2024ж | Жұма 12.09.2024ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Сурет бойынша берілген мақал-мәтелмен жұмыстануға және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдату. | Ойлау қабілетін дамыту мақсатында жұмбақтар шешкізіп және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдауға және оны түсінуге қалыптастыру. | күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға баулу. «Мен қандаймын?» ойынын ойнату. | Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтқызу: | Сурет бойынша берілген мақал-мәтелмен жұмыстануға және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдату. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Бала кішкентайынан бастап ата-анасын, үлкендерді, жақындарын сыйлау керектігін білу тиіс.<br>Ата-ана және тәрбиеші баламен таза қазақша сөйлескені жөн. | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |
| «Балапан» ортаңғы тобы «Еркемай» | Тақырыбы: «Кел, танысайық!»<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым- қатынас жасауына жағдай жасау. Сәлемдесуге, өтінішін білдіруге баулу. | | | | |

| | |
|---|---|
| ортаңғы тобы | Балалар, мен бүгін сендерге журналист-тілші ретінде қонаққа келіп тұрмын, мен сендер туралы мақала жазбақшымын.<br>Сондықтан да сендердің әрқайсыларың туралы жақынырақ білгім келеді. Сонымен бүгін біз өзіміз туралы- аты-жөніміз кім, нені жақсы көреміз, нені ұнатамыз, немен шұғылданамыз, солар туралы айтамыз.<br>Балалармен сұрақ-жауап өткіземін:<br>- Аты-жөнің кім?  - Сен неше жастасың? - Өз түрінді, мінезінді сипатта.- Шашың ұзын ба, әлде қысқа ма?<br>- Бойың ұзын ба, әлде аласа ма?<br>- Қандай ойыншықтармен, кіммен ойнағанды ұнатасың? (Балалар менімен әңгімелеседі)<br>Ұлттық ойын: «Асықтар»<br>Шарты: Кестеде көрсетілген ұяшыққа ,алдында тұрған карточкалар арқылы асықты сәйкестендір.<br> «Қыз бала мен ұл баланың киімін ажыратамыз»<br>Тақтада қызыл және көк түсті екі үлкен конверт ілініп тұрады. Ұл бала мен қыз баланың киімдерінің суреттерін араластырып, екі конвертке ажыратып салуын және сол киімдерді ұл мен қызға тиесілі заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауын сұраймын.<br>Сергіту жаттығуы:<br>Сағаттың тіліндей, иіліп оңға бір,<br>Сағаттың тіліндей, иіліп солға бір.<br>Алға қарай бір адым,<br>Артқа қарай бір адым.<br>Жоғары-төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br>Күй күмбірі: Сергіту барысында Әбдімомын Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйі қосылады.<br>Сәйкестендір. Суретте кімдер бейнеленген? Ұл мен қыздың айырмашылығы туралы айт. Төмендегі суреттер қайсысына тән? Сызып қос. Қызға да, ұлға да қажет заттар бар ма?<br>Қорытынды бөлім:<br>«Мен қандаймын?» өздерінің автопортретін салғызу.<br>Балалардың берген жауаптары, жасалған жұмыстары оң деп танылады. Мадақталады. |
| «Болашақ» ересек тобы | Тақырыбы: «Біздің балабақшамыз»<br>1.«Мені шақыр!» ойыны.<br>Шарты:Педагог қолына жалауша алып,топтағы кез келген баланы жылы шыраймен: «Сұлтан, маған келші!»-деп шақырады да,оған қолындағы жалаушаны береді.Сұлтан педагогқа рақметін айтып,өз орнына барып тұрды да,тобындағы келесі баланы шақырады.<br>2.Балабақша ауласына саяхат.<br>«Біздің балабақша» әңгімелесу.<br>Педагог балаларды балабақша ауласымен таныстырады.Ондағы ағаштар,гүлдер,ойын алаңдары жайлы балалармен әңгіме |

| | |
|---|---|
| | жүргізеді.Саяхат барысында балалар өздерінің балабақшаларындағы көптеген жаңа нәрселермен танысады.<br>3.«Қазына тауып алу» ойыны.<br>Педагог ата-аналармен біре қазынаны жасау және оны іздестіру жолын қызықты ойластыруды алдын ала келіседі.Олар түрлі түсті борлар,сабын көпіршіктерін үрлеуге арналған ойыншықтар,құмға арналған әр трлі ойын заттары т.с.с.болуы мүмкін<br>Ұлттық ойын:  «Айқұлақ»<br>Шарты: Олардың бірі - қасқыр, бірі - қойшы, бірі ит болады. Қасқыр болатын баланың маңдайын орамалмен байлайды арқасына киім-кешек тығып томпайтады. Балалар қасқырды жасырады. «Қойшыға » жыртық шапан, қолына таяқ ұстатады. «Ит» қойшыға еріп, қойдың қасына жатады. Қалған балалар қой болады. Содан соң «қойлар» дүр етіп үркеді , «ит» абалайды, «қойшы» «қойларды» айырып алады.« Қасқыр» қайта- қайта шауып, бірде құр кетіп, бірде алып кетіп жүріп, «қойлардың» бәрін тауысады.<br>5.Күй күмбірі: Құммен жұмыс барсында Молдыбаев Аман Шоңбайұлының «Тайшолпы» күйі қосылады.<br>Құммен  топтық жұмыс.<br>Құмға балабақша суретін салу. Педагог әр балаға жеке көңіл бөліп,атын атап,оның әр әрекетін мадақтайды.<br>6.«Назар аударайық!» құмдағы «бөбекжайды» шын бөбекжаймен салыстырып, сыртынан бақылау.<br>7.«Сиқырлы айналу»  қоштасу шеңбері.<br>Шарты:Педагог балаларды ауладағы көбелекке,құсқа,гүлге«айналдырады» |

Бекітілді
«Babi» жеке бөбекжайының
әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы
Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 15-19.09.2025 ж
Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
Құзыреттілік: Инновациялық ойлау

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі<br>15.09.2024ж | Сейсенбі<br>16.09.2024ж | Сәрсенбі<br>17.09.2024ж | Бейсенбі<br>18.09.2024ж | Жұма<br>19.09.2024ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Балабақша туралы жаңылтпаштар айтқызып және қазақ тіліне тән дыбыстарынанық айтқызу | Т.Молдағалиевтің «Біздің балабақша» өлеңінжаттатып ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға баулу. | Балабақша туралы жаңылтпаштар айтқызып және қазақ тіліне тән дыбыстарынанық айтқызу | Үйшік ертегісінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, мазмұнын өз бетінше қайталап айтуға бейімдеу.<br><br>(Гүлдер , бау-бақша, егіс алқаптарын суғару жұмысы)<br>туралы түсініктерін кеңейту. | Ойлау қабілетін дамыту мақсатында жұмбақтар шешкізіп және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдауға<br>және оны түсінуге қалыптастыру. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Отбасы туралы тіл ұстарту жаттығуларын айтқызу<br>Балаға үйде отбасы мүшелерінің атауларымен таныстыру | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |

| | |
|---|---|
| «Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы: «Менің балабақшам»<br>Балаларға сүйікті балабақша туралы түсінік беру.Балабақша екінші үйлері екенін түсіндіру. Балабақша қызымет керлері мен таныстыру. Балабақшада жұмыс істейтін мамандық иелерінің ( меңгеруші ,әдіскер,тәрбиеші,мейірбике,аспаз, күтушінің) жұмыстары туралы әңгімелеу.<br>Т.Молдағалиевтің «Біздің балабақша» өлеңін оқып беру.<br>Қанша бала, қанша қыз-<br>Бір шоқ гүлміз баршамыз.<br>Ойын-күлкі ордасы-<br>Біздің балабақшамыз.<br>Ойын:«Балабақшада не үйретеді?»<br>Мақсаты:Балалардың балабақша туралы білімдері кеңейтіледі.<br>Сергіту сәті<br>http.m/jdhhdfyg.sergitu.sati<br>Жаңылтпашпен таныстыру.<br>Топ бала, топ бала<br>Ойнап жүр топтала.<br>Зымырап допты ала<br>Қуады көп бала. Педагог балалармен бірге жаңылпашты қайталайды, балаларға жай, жылдам айтуды ұсынады. Өздеріне таныс сөздерді айтуларын сұрайды.<br>Ұлттық ойын:  «Ханталапай»<br>Ойын шарты: «Талапай-ау, талапай, табылды ойын алақай» -деп, қоржындағы  асықтарды отырған балалардың алдына шашады.  Балалар жарыса «Ханталапай» деп дауыстап, асықтарды таласып, бөліп алады.  Жинаған асықтардың ішінен  әр бала ойынға  бес асықтан тігеді.  Хан асығы қолына түскен бала алғашқы  болып ойынды бастайды.<br>Күй күмбірі: Ойын барысында Ертуған Өмірғали Төленұлының «Талшыбық» күйі қосылады.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс. Суретке қарап, балабақша туралы әңгімеле. Өзіңнің балабақшаң қандай? Балабақшада саған не ұнайды? |
| «Болашақ» ересек тобы | Тақырыбы: Күз<br>Бау-бақша, егіншілік құралдарын (орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа); білдіретін сөздермен таныстыру.<br>1.«Жалпы  және жеке атауын ата!»(«Шаруашылық құралдар» дүкені желілі-рөлді ойыны бойынша)<br>2.«Біз көкөністер егуге кеттік!» (муляждар арқылы  д/о)<br>3.«Егін егіп, дән себеміз!» д/о<br>4.«Сукұйғыштар» (Гүлдер , бау-бақша, егіс алқаптарын суғару жұмысы)<br>5. Ұлттық ойын: «Ақсерек-көксерек» |

| | |
|---|---|
| | Ойын шарты: екі топ бір-бірінен алысырақ шамамен 15 қадам жерде қол ұстасып тұрады. Бірінші топтың балалары екінші топқа ақсерек-ау, ақ серек, бізден сізге кім керек? деп айтады. Сол кезде қарама-қарсы тұрған топ басшысы өздеріне керекті қарсыластарының арасынан біреуінің атын атайды.Ақсерек-ау, ақ серек, сізден бізге Марат керек.<br>6. Күй күмбірі: Ұлттық ойын барысында Ертуған Өмірғали Төленұлының «Талшыбық» күйі қосылады.<br>7.Жылулық шеңбері. |

Бекітілді ______

«Babi» жеке бөбекжайының

әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы

Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 22-26.09.2025 ж

Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: Инновациялық ойлау

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 22.09.2024ж | Сейсенбі 23.09.2024ж | Сәрсенбі 24.09.2024ж | Бейсенбі 25.09.2024ж | Жұма 26.09.2024ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға баулу. Отбасы мүшелері туралы санамақ жаттату. | Отбасы туралы тіл ұстарту жаттығуын арқылы тілін жаттықтыру. | Күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға баулу. Отбасы мүшелері туралы санамақ жаттату. | «Түлкі мен тырна» ертегісінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бергізу. Тілдік сөйлеу жүйесін дамыту және өзінеайтылған сөздерді ынта қойып тыңдау үшін жаңылтпаш айтқызу. | «Мен не білемін?» сұрақ-жауап әдісі арқылы күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға қалыптастыру. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Балаларды топпен және де басқада топтармен таныстыру<br>Балаға үйде достарымен таныстыруды сұрау | | | | |

| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | |
|---|---|
| «Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы | «Отбасы мүшелері»<br>Мақсаты: Туыстыққатынасқабайланыстысөздерді(«бөпе»,«аға»,«апа»,«іні»,«қарындас»).түсіндіру. Өз жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету.<br>Жұмбақ.<br>Онсыз бақыт жоқ маған.Ол-әр баланың панасы, Ол не екен балалар? Балалар мұқият тыңдап, «Отбасы» деп атайды.<br>-Балалар,барлығымыздың да отбасымыз бар.Отбасы мүшелеріміз бар.<br>Суретпен жұмыс. Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар?<br>-Мынау ата. -Мынау әже. -Мынау аға. - Мынау қарындас.-бөпе,апа,іні.<br>-Дұрыс ,айтасыңдар балалар бүгінгі оқу – іс әрекетіміздің тақырыбы «Отбасы мүшелері» деп аталады.<br>Адамға ең қымбаты –Отбасы.Отбасында сыйластық, татулық, бауырластық болғанда ғана бірлік болады.Қане, балалар отбасы мүшелері туралы кім мақал- мәтел біледі?<br>Не артық?<br>Қарындас, аға,ата, әже, сиыр суреттерінің ішінен артық суретті тап.<br>Сергіту сәті.<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Алақанды ұрамыз.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Тез шынығып шығамыз.<br>Ұлттық ойын: «Бәйге»<br>Шарты: Бұл ойында жұптасып жарысады. Әр топқа бір ат, бір қамшы байланады. Белгі бойынша әр топтан бір баладан атқа қонады да жарысады. Балалар аттың шабысына салып шабуы тиіс.<br>Күй күмбірі: Ұлттық ойын барысында Нұрғиса Тілендиевтің «Арман» күйі қосылады.<br>Санамақ. Бір үйде нешеуміз?<br>Кел санайық екеуміз<br>Бас бармағым – әкем,<br>Балан үйрек – анам,<br>Ортан терек –ағам.<br>Шыылдыр шүмек- мен<br>Кішкене бөбек – сен.<br>Қимылды ойын:<br>«Ұшты- ұшты». Ұшты –ұшты қарға ұшты. |

| | |
|---|---|
| «Болашақ» ересек тобы | Тақырыбы: Азық-түлік атаулары (ақбидай, қарабидай,күріш,тары,қарақұмық,сұлы т.б.)<br>1.Шаттық шеңбері. Ақбидай, қарабидай, күріш,тары,қарақұмық,сұлы т.б. дәнді дақылдарды қолмен ұстап, көзбен көру.<br>2.Әңгімелесу. «Біз қашан тамақтанамыз және не жейміз?»<br>3. «Аспазшы» д/о<br>4. «Ғажайып дорба» ойыны.<br>5.Жылулық шеңбері. «Саусақтарым,билеңдер!» ойыны.<br>6. Ұлттық ойын: : «Бәйге»<br>Шарты: Бұл ойында жұптасып жарысады. Әр топқа бір ат, бір қамшы байланады. Белгі бойынша әр топтан бір баладан атқа қонады да жарысады. Балалар аттың шабысына салып шабуы тиіс.<br>7. Күй күмбірі: «Арман» Нұрғиса Тілендиев. Балаларды тыныштандыру мақсатында күй қосылып тұрады.<br>8.Дыбыстық жаттығу. |

Бекітілді ____

«Babi» жеке бөбекжайының

әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы

Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 29.09-03.10.2025ж

Құндылық: Тәуелсіздік пен отаншылдық

Құзыреттілік: Ұлттық мүддені дамыту

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 29.09.2024ж | Сейсенбі 30.09.2024ж | Сәрсенбі 01.10.2024ж | Бейсенбі 02.10.2024ж | Жұма 03.10.2024ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Сурет бойынша берілген мақал-мәтелмен жұмыстануға және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдату. | Отбасы туралы санамақтар айтқызып және қазақ тіліне тән «ө», «қ» , «ү», «ұ» дыбыстарынанық айтқызу. | «Мен не білемін?» сұрақ-жауап әдісі арқылы күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға қалыптастыру. | Шалқан ертегісінің мазмұны бойынша мазмұнын өз бетінше қайталап айтуға үйрету. «Сиқырлы таяқша» ойынын ойнау өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдату. «Ө» дыбысы бар сөздерді қайталау. | Қазақ тіліне тән дыбыстарынанық айтуға үйрету үшін «Тыңда, көрсет, қайтала» ойыны арқылы сөздерді анық айтқызу. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Отбасы туралы тіл ұстарту жаттығуларын айтқызу,балаға үйде отбасы мүшелерін таныстыру.<br>«Ө» дыбысы бар сөздерді күнделікті өмірде жиі айтып есіне түсіріп отыру. | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |
| «Балапан» ортаңғы тобы | Тақырыбы: «Менің отбасым» | | | | |

| | |
|---|---|
| «Еркемай» ортаңғы тобы | Отбасымда кімдер бар?<br>Оларды қалай атаймыз?<br>Сурет бойынша әңгіме жүргізу.<br>«Отбасы мүшесін тап» дидактикалық ойыны.<br>Тәрбиеші тақтадағы бір отбасы мүшесінің суретін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, мұқият қарап шығып, кімнің суреті жоқ екенін айтады<br>Сергіту сәті:<br>Атам жылқы бағады / Бір орнында тұрып, шабу /<br>Ағам пішен шабады. /Шөп шаққандай қимыл жасау/<br>Жеңгем сиыр сауады. / Отырып қолдарын қимылдатады/<br>Анам киіз қағады. /Қолдарын алға жайып, қимыл жасау/<br>Тақпақ жаттау.<br>Атамнан басталар,<br>Әжемнен қосталар<br>Отбасы мыналар:<br>Ең жақын адамдар-<br>Әкем мен анам бар,<br>Бәрін жақсы көремін,<br>Еркелеймін,еремін.<br>Ұлттық ойын: «Көтермек»<br>Шарты: Балалар шеңберге тұрады. Өз ерігімен сайысам дегендер екі бала ортаға шығады, бір-біріне құрамалар бойынша қарама-қарсы тұрады және қарсыласты өзінің арқасына көтеріп алуға тырысады. Ойын күшті дамытады.Қазақтардың салт-дәстүрі бойынша, бозбала тәрбиесімен ерлер айналысатын. Ұлдар ойындарында үлкендерге ұқсасып, олардың шаруашылық әрекеттерін жасайтын.<br>Күй күмбірі: Ойын барысында Құрманғазы Сағырбаевтың «Адай» күйі қосылады.<br>Тіл ұстарту жаттығулары. Та-та-та Ақ сақалды ата. Е-е-е Ақ жаулықты әже.Ке-ке-ке Асқар таудай , На-на-на Мейірімді ана Ға-ға-ға Қамқоршы аға, Ла-ла-ла Саят пысық бала. |
| «Болашақ» ересек тобы | Тақырыбы: «Туған өлкем»<br>Туған өлкенің көрнекі жерлері,тарихи орындары<br>(«Атамекен» өнер ордасы, Қ.Мырза Әлі орталығы, «Достық» үйі, «Салтанат сарайы» т.б.) |

| | |
|---|---|
| | 1.Жылулық шеңбері.<br>2.Туған өлке туралы әңгімелесу.<br>3.Көрнекі жерлердің біріне саяхат. («Атамекен» өнер ордасы)<br>4. Сергіту сәті.Музыкалық үзіліс. «Атамекен» әнін тыңдау.<br>5.Фотоальбоммен,ноутбукпен,планшетпен жұмыс.<br>Шарты:Мұғалім туған өлкенің көрнекі жерлерін планшеттен көрсетеді (Мысалы: Қ.Мырза Әлі орталығы, «Достық» үйі, «Салтанат сарайы» т.б.),балалар суреттің ішінен Қ.Мырза Әлі орталығын тауып беруі керек. «Мынау не?» деген сұраққа жауап алу арқылы ойын әрі қарай жалғасады.<br>6. Ұлттық ойын: « Қол күрес»<br>Шарты: Ортаға екі ойыншы шығып, кілемнің үстіне жамбасынан жатады. Олар бас бармақтарын айқастыра қолдарын жымдастырып ұстайды. Ойынның шарты қолының күші көп ойыншы қарсыластың қолын жерге тигізуі керек<br>7. Күй күмбірі: Ұлттық ойын барысында Қорқыттың «Ұшардың ұлуы» күйі қосылады.<br>8.Жылулық шеңбері. «Атамекен» әнінің аясында ҚР Туының тұғыры орналасқан орынға келу,жүректеріне қолдарын қойып,саппен жүру. |

Бекітілді ________
«Babi» жеке бөбекжайының
әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы
Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 06-10.10.2024ж
Құндылық: Тәуелсіздік пен отаншылдық
Құзыреттілік: Ұлттық мүддені дамыту

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 06.10.2024ж | Сейсенбі 07.10.2024ж | Сәрсенбі 08.10.2024ж | Бейсенбі 09.10.2024ж | Жұма 10.10.2024ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Сурет бойынша берілген мақал-мәтелмен жұмыстануға және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдату. | Ойлау қабілетін дамыту мақсатында жұмбақтар шешкізіп және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдауға және оны түсінуге қалыптастыру. | «Менің көңіл-күйім» ойыны арқылы баланың көңіл-күйін толық сөйлем арқылы жеткіздіру. | Күз туралы тіл ұстарту жаттығулары арқылы күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға баулу. | «Диалог» ойыны арқылы күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға баулу. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Күз туралы тақпақтар жаттау,тіл ұстарту жаттығуларын қайталату.<br>Күзгі табиғатта серуендеу. | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |

| | |
|---|---|
| «Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы: «Алтын күз»<br>Күз мезгілінің суреті ілініп, балаларға түсіндіріледі.<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>Күзде ауа райы қандай болады?<br>Жердің беті қандай түске енеді?<br>Суретпен жұмыс. Суретте күз мезгілінің бейнесін көріп тұрмыз.<br>Күзгі түрлі түсті жапырақтар<br>Күз мезгілінде жаңбыр жауып,жапырақтар  қурай бастайды.<br>Күз мезгілінде жылы киімдерімізді киеміз.<br>Себебі күн салқындайды.<br>Жаңбыр жауады.<br>Дидактикалық ойын:  «Бізге күз не әкелді?»<br>Көкөністер мен жемістердің адам ағзасына пайдасы туралы ұғымдарын түсінеді.<br>Жұмбақтар. Тоңазып атырап<br>Көп жеміс піседі<br>Сарғайып жапырақ<br>Саудырап түседі (Күз)<br>Ағайынды бәрі<br>Шықса жасыл түссе сары. (Жапырақ)<br>Естіледі құлаққа<br>Оны ешкім көрмейді. (Жел)<br>Сергіту сәті<br>Ал, балалар, тұрайық,<br>Қолымызды созайық.<br>Жапырақ болып дөңгелеп<br>Жерге келіп қонайық.<br>Күй күмбірі: Сергіту барысында Қорқыттың «Тарғыл тана» күйі қосылып тұрады.<br>Ұлттық ойын «Арқан тартыс»<br>Ойын шарты: Бұл екі топқа бөлінген балалармен ойналатын ойын бір түрі. Арқанның екі жағынан екі топқа бөлінген балалар |

| | |
|---|---|
| | тартысады. Қай топ өз жағына алып, келсе сол топ жеңіске жетеді.<br>Жапырақ болып ұш.<br>Д\ ойын «Күз мезгілін тап»<br>Мақсаты:Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.<br>Тіл ұстарту жаттығулары<br>Үз – үз – үз, Рақ – рақ – рақ,<br>Жаңбырлы Күз. Саулайды жапырақ.<br>Ел – ел – ел, Іс – іс – іс,<br>Соғады жел. Піседі жеміс.<br>Іс – іс – іс,<br>Піседі жеміс. Дай – дай – дай, Жинаймыз бидай. |
| «Болашақ» ересек Тобы | Тақырыбы: Жидектер.<br>1.Шаттық шеңбері. «Жеміс-жидек ағаштары»<br>2.Жидектер туралы әңгімелесу. (ноутбуктен,планшеттен жидек түрлерін көрсету арқылы түсіндіру)<br>3.Әңгімелеу. «Күзгі жапырақтың саяхаты» ертегісі.<br>4.Шиырма.<br>5. «Жидектер» мүсіндеу.<br>6. «Тербеледі ағаштар» жылулық шеңбері.<br>7.Күй күмбірі Жылулық шеңбері барысында Қорқыттың «Ұшардың ұлуы» күйі қосылып тұрады.<br>8.Ұлттық ойын « Қол күрес»<br>Ойын шарты: Ортаға екі ойыншы шығып, кілемнің үстіне жамбасынан жатады. Олар бас бармақтарын айқастыра қолдарын жымдастырып ұстайды. Ойынның шарты қолының күші көп ойыншы қарсыластың қолын жерге тигізуі керек.<br>9.Тосын сый. Шырын,тосап және жидектер көрмесі. |

Бекітілді ___________
«Babi» жеке бөбекжайының
әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы
Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 13-17.10.2024ж
Құндылық: Тәуелсіздік пен отаншылдық
Құзыреттілік: Ұлттық мүдденi дамыту

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 13.10.2024ж | Сейсенбі 14.10.2024ж | Сәрсенбі 15.10.2024ж | Бейсенбі 16.10.2024ж | Жұма 17.10.2024ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Сурет бойынша берілген мақал-мәтелмен жұмыстануға және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдату. | «Мен не білемін?» сұрақ-жауап әдісі арқылы күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға қалыптастыру. | «Әдемі сөздер шеңбері» ойынын ойнату арқылы қоршаған ортасында жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға баулу. | «Балақайға ертегі көрсетеміз!» сюжеттік суреттер арқылы таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтқызу | Ойлау қабілетін дамыту мақсатында жұмбақтар шешкізіп және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдауға және оны түсінуге қалыптастыру. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | жыл мезгілдері туралы тақпақтар жаттау мен тіл ұстарту жаттығуларын қайталату<br>табиғатта серуендеу арқылы әр жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін түсіндіру,ауа райының қандай екенін күн сайын сұрап отыру | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |

| | |
|---|---|
| «Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы:«Жыл мезгілдері»<br>Сөз жұмбақ:<br>1. Жапырақтар сарғаяды.<br>Күн бұлттанады,<br>Жаңбыр жиі жауады.<br>Құстар жылы жаққа ұшады,<br>Айтыңдаршы балалар<br>Бұл қай кезде болады? (Күз)<br>2. Шана зырғып келетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін.<br>Аққала жасап ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (Қыс)<br>3.Қар – мұз еріп,<br>Су көбейіп .<br>Бүршік шашып.<br>Жапырақ ашып ,<br>Бәйшешектер басады .<br>Айтыңдарышы балалар ,<br>Бұл қай кезде болады? (Көктем)<br>4. Күнің көзі шуақты .<br>Балалар жүр шомылып,<br>Көбелектер қуып ойнайтын. Қай мезгіл деп ойлайсың? (Жаз)<br>Дидактикалық ойын: «Жыл<br>мезгілдері ата»<br>Шарты: Балаларға<br>жыл мезгілінің<br>карточкасы<br>беріледі, сол<br>бойынша әр жыл |

мезгілге сай кезеңдерді жапсырып қою керек.

Сергіту сәті.

Күй күмбірі: Сергіту барысында балдарды тыныштандыру үшін Дина Нұрпейісованың «Ана бұйрығы» күйі қосылады.

Ұлттық ойын: «Бәйге»

Ойын шарты: Әр топтың алдына 3 - 4 м қашықтықта межелер белгіленді.

Екі топтың балалары ( арақашықтық2м) сап түзеп тұрады. Бұл ойында жұптасып жарысады. Әр топқа бір ат, бір қамшы байланады. Белгі бойынша әр топтан бір баладан атқа қонады да жарысады. Балалар аттың шабысына салып шабуы тиіс.

Тіл ұстарту жаттығулары

Ыс – ыс – ыс,<br>
Келіп жетті қыс.<br>
Ар – ар – ар,<br>
Жауады қар.<br>
Яз – яз – яз<br>
Сақылдаған сары аяз.<br>
Ран – ран – ран,<br>
Соғады боран.<br>
На – на – на,<br>
Зулайды шана.<br>
Ыр – ыр – ыр,<br>
Жауады жаңбыр.<br>
Ғай – ғай – ғай,<br>
Жарқылдайды найзағай.<br>
Шек – шек – шек,<br>
Шығады бәйшешек.<br>
Иын – иын – иын,<br>
Болады көп ойын.

Ұлттық ойын: «Бәйге»

Ойын шарты: Әр топтың алдына 3 - 4 м қашықтықта межелер белгіленді.

Екі топтың балалары ( арақашықтық2м) сап түзеп тұрады. Бұл ойында жұптасып жарысады. Әр топқа бір ат, бір қамшы байланады. Белгі бойынша әр топтан бір баладан атқа қонады да жарысады. Балалар аттың шабысына салып шабуы тиіс.

| | |
|---|---|
| «Болашақ» ересек Тобы | Тақырыбы: «Туған өлкем-қандай көркем!»<br>1.Шаттық шеңбері. ҚР Гимнін орындау.<br>2. «Туған өлкем-қандай көркем!» (бейнеүзікпен жұмыс)<br>3. Сергіту сәті<br>4. «ҚР Тәуелсіздігінің нышандары».<br>5.Электронды киіз үйден күй тыңдау арқылы қазақ халқының тарихи орындары бейнеленген топтама суреттерді қарау.<br>6.«Қамажай», «Айгөлек», «Бипыл» билерімен қазақ халқының салт-дәстүрлерін көрсету.<br>7. Ұлттық ойын: «Ұшты-ұшты!»<br>Мақсаты : есте сақтау, мұқият болу қабілеттерін дамытады, өнерлі болуға баулу.<br>Барысы. Ойын бастаушы бала оған қатысушыларды жаңылыстыру үшін тез-тез ұшатын, ұшпайтын заттарды араластырып айтады. Шарт бойынша ойнаушылар ұшатын заттарға ғана қолын көтеруге тиісті. Олар ұшпайтын затқа қолын көтеріп қалса, айыбына өз өнерін көрсетеді (немесе сабақтың ерекшелігіне байланысты сұрақтарға жауап береді). Ойын бастаушы негізінен адамдарды былайша жаңылыстырады:<br>8. «Күй күмбірі». Ұлттық ойын барысында Төребайұлы Қыздарбектің «Жұбату» күйі қосылады.<br>9.Тәуелсіздік туралы мақал- мәтелдер қайталау. |

Бекітілді________
«Babi» жеке бөбекжайының
әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы
Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 20-24.10.2024ж
Құндылық: Тәуелсіздік пен отаншылдық
Құзыреттілік: Ұлттық мүддені дамыту

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 20.10.2024ж | Сейсенбі 21.10.2024ж | Сәрсенбі 22.10.2024ж | Бейсенбі 23.10.2024ж | Жұма 24.10.2024ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Сурет бойынша берілген мақал-мәтелмен жұмыстануға және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдату. | Сурет бойынша берілген мақал-мәтелмен жұмыстануға және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдату. | «Туған жер» өлеңін жаттату арқылы сөздік қорын молайту | «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтуға баулу | Сурет бойынша берілген мақал-мәтелмен жұмыстануға және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдату. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Туған жері,елі туралы түсінік беру.<br>Отан туралы тақпақтарды қайталату | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |
| «Балапан» ортаңғы тобы «Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы:«Менің Отаным»<br>Балаларға туған өлкесі туралы алғашқы түсінік қалыптастыру Қазақстанның табиғатының сұлулығымен таныстыру. Өз туған өлкемізді танып білуге,жақсы көруге,өз еліне туған өлкеге деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру. Сөйлеу қабілеттерін | | | | |

| | |
|---|---|
| | жетілдіру. Патриоттық сезімге тәрбиелеу.<br><br>Қазақстан туралы тақпақтар<br>Көгінде күн нұрын төккен,<br>Жерінде гүл жұпар сепкен.<br>Неткен сұлу, неткен көркем,<br>Осы менің туған өлкем!<br>Сергіту сәті<br>http/asdg/balabaksha.kz<br>Ұлттық ойын: «Қыз куу»<br>Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептелікке баулу. Шарты: Ойынға қыз бен жігіт қатысады. Екеуі де атпен шауып келеді. Жігіт атпен қыздың артынан қуады. Егер қызға жете алмаса, онда қыз жігітті айыптап, қамшымен қуады.<br>Күй күмбірі: Ұлттық ойын барысында Қаршыға Ахмедияровтың «Қыз ғұмыр» күйі қосылады.<br>Дидактикалық ойын.<br>Берілген суреттерден Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін тауып белгілеу.<br>Қорытынды:<br>25-қазан қандай күн? Республика күні<br>Қазақстанның тұңғыш президенті кім? Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев<br>Қазақстанның қазіргі президенті кім? Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы. |
| «Болашақ» ересек Тобы | «Мемлекеттік рәміздер» бұрышына саяхат.<br>1.Жылулық шеңбері. ҚР Әнұранын орындау.<br>2. Отан туралы өлең,тақпақтар айту.<br>3. Отан туралы мақал-мәтелдер жарысы.<br>4. Сергіту сәті. Мемлекеттік Ту алып,саппен жүру.<br>5.Топта әр елдің Туларын атап, айту.Өз елінің Мемлекеттік Туын желбіретіп, көтеру.Оның көтерілетін екі сәтін түсіндіру.<br>6.Мемлекеттік Ту қай кезде төмен түсірілетінін айту. «Туымыз құламасын,тұғыры нық болсын!» деп баталар беру.<br>8. «Соқыртеке» — ұлттық ойын. Ойын үйде де, далада да ойнала береді. Ойын үйде де, далада да ойнала береді. Ойыншылар шеңбер құрып, дөңгелене турады да, ортада көзі байланған бір адамды қалдырады. Соқыр теке — сол. Қалған ойыншылар соқыр текені қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып журеді. Ал соқыр теке сол түрткен адамды ұстап алып, тануға тиісті. Егер ол устаган кісіні таныса, оның көзін байлап, соңы соқыр теке жасайды. Өйтпеген жағдайда соқыр теке ойыны ары қарай жалғаса береді. |

| | |
|---|---|
| | 9.Күй күмбірі: Ұлттық ойын барысында Дина Нүрпейісованың “Той бастар” күйі қосылады. |

Бекітілді ________
«Babi» жеке бөбекжайының
әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы
Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 27.10-31.10.2024ж
Құндылық: Тәуелсіздік пен отаншылдық
Құзыреттілік: Ұлттық мүддені дамыту

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 27.10.2024ж | Сейсенбі 28.10.2024ж | Сәрсенбі 29.10.2024ж | Бейсенбі 30.10.2024ж | Жұма 31.10.2024ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | - | Ойлау қабілетін дамыту мақсатында жұмбақтар шешкізіп және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдауға және оны түсінуге қалыптастыру. | «Сиқырлы таяқша» ойынын ойнау өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдату | «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталату | «Тыңда, көрсет, қайтала» ойыны арқылы сөздерді еркін айтуға және қазақ тіліне тән «ө», «қ», «ү», «ұ», «і» дыбыстарынанық айтқызу. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Балаларға үй жануарлардың ерекшелігін айту.<br>Зообаққа баланы апару және жануарлармен көрсетіп,таныстару. | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |

| | |
|---|---|
| «Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы:«Үй жануарлары»<br>Мақсаты:Балаларға үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, олардың пайдасымаңызы, туралы түсінік беру. Олардың түрлерін бір – бірінен ажыратуға,айтқандай зейін қойып тыңдауға үйрету көзделіп үй жануарларына байланысты тақпақтар мен мақал мәтелдер айтқызу сұрақ – жауап, жұмбақ шешу арқылы тіл байлықтарын дамытумен бірге олардың бізге тигізер пайдасын айту.<br>Жұмбақтар<br>Қамыс құлақ,Тостаған тұяқ.Мінсең қанаСүті дәрі еті тамақ. (Жылқы)<br>2. Екі айнасы барЕкі найзасы бар (Сиыр)<br>3. Үстінде екі тауы бар,<br>Қызық бір жануар (Түйе)<br>4. Кішкене ғана бойы бар Айналдыра киген тоны бар. (Қой)<br>5. Секең - секең етеді<br>Таумен - тасқа жетеді. ( Ешкі)<br>6. Үй жанында өмір сүреді<br>Біреу келсе үреді. ( Ит)<br>7. Сүтті жақсы көреді<br>Жылы жерде ұйықтайды Мысық<br>Күй күмбірі: Сергіту сәті барысында Сүгір Әліұлының «Жолаушының жолды қоңыры» күйі қосылады.<br>Топ-топ етіп басайық<br>Ауылға біз барайық<br>Қозыларды санайық<br>Бір, екі, үш деп,<br>Алақанды соғайық,<br>Төрт, бес, алты деп<br>Қораларға қамайық<br>Д/О: Төлдерін тап<br>Үй жануарлары тақпақтар<br>Ақ бұзауым ұнайды<br>Мө - мө деп сүт сұрайды. |

| | |
|---|---|
| | Келеді өсіп күн сайын,<br>Тұмсығын созып қарайды.<br>Кіп - кішкене момақан<br>Қошақанды ұнатам<br>Сүйеді апам қозым деп<br>Қошақаным қозым деп<br>Құлыншағым құндызым<br>Құлдырайды шабады<br>Жылтылдаған жұлдызым<br>Құстай қанат қағады.<br>Ұлттық ойын: «Қуыр-қуыр қуырмаш»<br>Шарты: Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды.Содан соң екінші балаға: - ортаңғы саусағымды тапшы, - дейді.Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне, -деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады.Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады.Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек. |
| «Болашақ» ересек тобы | 1.Тілдік дамытушы орта: Өзі туралы айтқызу.Мысалы: Мен (атын айту) кішкентай қыз/баламын. Ойнап асыр саламын.Мен бақытты баламын,Еркемін,әншімін,бишімін,спортшымын т.б.<br>2.Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: «Танысу» аудиоойыны.<br>3.Сөздік қор.Сөйлеу үлгілері: Сәлеметсіз бе!Қайырлы күн! Сау болыңыз! Рақмет!Сендерді /сізді көргеніме қуаныштымын.<br>4. Ұлттық ойын: «Кім шертті?» — ойыны үйде, клубтарда, көгалды жерде отырып ойнауға өте қолайлы. Ойыншылар екі бөлініп отырып болғаннан кейін, әр топ өздеріне бастық сайлайды.<br>Әр топты басқарушы өз тобының ойыншыларына барып құлағына сыбырлап, жеке-жеке жасырын ат қояды. (Мысалы, Марат, Болат, Асқар, Серік деген сияқты). Жасырын аттарды айтып болғаннан кейін бастықтар өз орнына келіп отырады. Бір топтың ойыншылары екінші топтың ойыншыларының атын білмеуге тиіс. Сөйтіп, барлығы тегіс жайласып болғаннан кейін бірінші топтың бастығы екінші топқа келіп: «Сіздерден бір «жүйрік» сұрай келдім»— деп топты ажыратады.<br>5. Байланыстырып сөйлеу.Тілек шеңберін құрып, бір-біріне сиқырлы сөздер айту.Мысалы: Сен менің әдемі қуыршағымсың!Сен менің жұмсақ қонжығымсың! Бақытты бол, Салтанат! Рақмет, Айкөркем! Айтөре, сен ақылды баласың! Ең соңғы балаға келгенде, балалар бір-біріне күлімдеп,қолдарын ұстасып,жылу сезінеді.Мұғалім: «Осы жылу-тілектің орындалғаны ! деп түсіндіреді.<br>Күй күмбірі: Балаларды тыныштандыру барысында Сүгір Әліұлының «Бес жорға» күйі қосылады. |

| | |
|---|---|
| | Күтілетін нәтиже:Қазақ тіліне тән «қ»дыбысын, «қ» дыбысынан тұратын сөздерді дұрыс айтады; сөздегі «қ» дыбысының орнын ажыратады. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп,септеп қолданады.Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге  тырысады. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге тырысады, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдайды; әңгімелесушіге сұрақтарды дұрыс қояды, оған қысқа және толық нақты жауап береді. |

Бекітілді ___________
«Babi» жеке бөбекжайының
әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы
Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 03-07.11.2024ж

Құндылық: Әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: Қоғамға қызмет

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 03.11.2024ж | Сейсенбі 04.11.2024ж | Сәрсенбі 05.11.2024ж | Бейсенбі 06.11.2024ж | Жұма 07.11.2024ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Сурет бойынша берілген мақал-мәтелмен жұмыстануға және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдату. | «Диалог» ойыны арқылы күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануды жетілдіру. | «Әдемі сөздер шеңбері» ойынын ойнату арқылы күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға баулу. | «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтуға баулу | Ойлау қабілетін дамыту мақсатында жұмбақтар шешкізіп және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдауға және оны түсінуге қалыптастыру. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Балаларға жабайы жануарлардың ерекшелігін айту<br>Зообаққа баланы апару және жануарлармен көрсетіп,таныстару. | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |
| «Балапан» ортаңғы тобы «Еркемай» | Тақырыбы:«Жабайы жануарлар»<br>Мақсаты:Балаларға жабайы жанурлар туралы мәлімет бере отырып,жабайы жануарлармен таныстыру,білуге үйрету. | | | | |

| | |
|---|---|
| ортаңғы тобы | Ұқыптылыққа баулу. Жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу<br>Сұрақ-жауап<br>-Жануарлардың қандай түрлері болады?<br>-Адамдарға пайдасы барма?<br>-Жабайы жануарлар қайда тіршілік етеді?<br>Жұмбақтар:<br>Далада жүр шапқылап Керемет тым саққұлақ<br>Тек есектен басқада,<br>Оған ұқсар жоқ құлақ. (қоян)<br>Қыс бойын жатады<br>Тәтті ұйқыға батады (аю)<br>Өзі айлакер, өзі қу<br>Жүрген жері, айқай шу (түлкі)<br>Сергіту сәті: «Сұр қоян»<br>Ұзын құлақ, сұр қоян<br>Естіп қалып сыбдырды<br>Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді<br>Қарап еді артына<br>Қиығын сап көзінің<br>Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің.<br>Күй күмбірі: Сергіту сәті барысында Құрманқазының «Балбырауын» күйі қосылады.<br>Дидактикалық ойын:<br>«Жануардың жартысын тап»<br>Балалар берілген суреттегі жануарлардың жартысын табады.<br>«Жаңылма» — ұлттық ойын.<br>Шарты: Балалар қол ұстасып, дөңгелене тұрады да, ортасынан санамақ айтып бір баланы ортаға шығарады. Шыққан бала өлең, тақпақ, әңгіме айтып тұрып кез келген жерінде жата қалады, не болмаса құлағын ұстайды, басын сипайды, тағы сол сияқты іс-әрекеттерді жасайды. Оның өлең, тақпақ, әңгіме айтып тұрып істеген қимылдарын қайталай алмай қалған бала айыпты болып, өлең айтады, билейді, әңгіме айтып күлдіреді. |

| | |
|---|---|
| | Тілді жаттықтыру:<br>Ян-ян-ян-секеңдеген ақ қоян, ю-ю-ю-қорбаңдаған аю<br>кі-кі-кі-бұл айлакер түлкі,қыр-қыр-қыр-бұл көкжал қасқыр. |
| «Болашақ» ересек Тобы | Тақырыбы: «Киіз үй»<br>1.Киіз үйдің бөліктері(ши,бау,басқұр, арқан,жіп) туралы мәлімет.<br>2.Киіз үй құрылысы (қағаздан макетін жасау)<br>3. Сергіту сәті<br>4. Тыйым сөздер.<br>5. Баталар.<br>6.Киіз үй суреттерінің топтамасын қарау.<br>7.Күй күмбірі: Ұлттық ойын барысында Құрманқазының «Кішкентай» күйі қосылады.<br>8. Жатып күресу — ұлттық ойын.<br>Шарты: Күші теңдес болып келетін екі жігіт бірінің аяғына бірінің басын келтіре, шалқаларынан кілем үстіне қатарласып жатады. Бұдан кейін сол жатқан беттерінде бірінің қолынан бірі (түйісіп жатқан жақтағы бір-бір қолдарымен) қатты қыса қолтықтасып алады да, әркім сол қатарындағы адамды жоғары көтерілген аяқтарының өкшесімен іле қағысады. Мақсат — әркім өзінің қатарындағы палуанды тақымынан аяғымен іліп алып, басынан асырып аударып тастау. Осы мақсатты орындағаны жеңген болып саналады.<br>9.Киіз үй бұрышына саяхат. |

Бекітілді__________
«Babi» жеке бөбекжайының
әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы
Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 10-14.11.2024ж
Құндылық: Әділдік және жауапкершілік
Құзыреттілік: Қоғамға қызмет

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 10.11.2024ж | Сейсенбі 11.11.2024ж | Сәрсенбі 12.11.2024ж | Бейсенбі 13.11.2024ж | Жұма 14.11.2024ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Сурет бойынша берілген мақал-мәтелмен жұмыстануға және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдату. | Ойлау қабілетін дамыту мақсатында жұмбақтар шешкізіп және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдауға және оны түсінуге қалыптастыру. | «Сиқырлы таяқша» ойынын ойнау өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдату | «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтуға баулу | «Диалог» ойыны арқылы күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануды жетілдіру. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Балаларға үй жануарларымен жабайы аңдардың айырмашылығын айту<br>Жануарлар саябағына баланы апару және түсіндіру | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |

| | |
|---|---|
| «Балапан» ортаңғы тобы «Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы:«Үй жануарлары мен жабайы жануарлардың айырмашылығы»<br>Балаларға үй жануарларының қандай пайда алып келетінін түсіндіру.<br>Жұмбақтар<br>Басында екі таяғы бар,<br>Төрт аяғы бар,<br>Сегіз тұяғы бар<br>Иегінде сақалы бар.(Ешкі)<br>Өзі ширақ,өзі қу<br>Жүрген жері айқай шу(Түлкі)<br>Адамға серік,<br>Күзетке берік.(Ит)<br>Дидактикалық ойын<br>«Төлдерін тап» және «Үй жануарлары қандай пайда әкеледі»<br>Сергіту сәті барысында Құрманғазының «Балбырауын» күйі қосылады.<br>Сергіту сәті. Топ-топ етіп басайық<br>Ауылға біз барайық<br>Қозыларды санайық<br>Бір, екі, үш деп,<br>Алақанды соғайық,<br>Төрт, бес, алты деп<br>Қораларға қамайық<br>Ұлттық ойын «Дауыста, атыңды айтам».<br>Шарты: Ойнаушылар қол ұстасып, шеңбер бойымен дөңгелене тұрады. Шеңбердің сыртына шығарып бір ойыншының көзін байлайды да қолына таяқ ұстатып, шеңбердің ішіне кіргізеді. Көзі байлаулы ойыншы шеңбердің ортасына келген соң, қолындағы таяғын өзіне карсы тұрған ойыншылардың кез келгеніне ұсынады да «дауыста, атыңды айтам» дейді. Таяқтың екінші басынан ұстаған ойыншы атын біліп қоймас үшін дауысын өзгертіп үн қатады. (Шеңбер бойында тұрған ойыншылар белгілі бір бағытпен үнемі қозғалыста болады, тек ортадағы көзі байланған ойыншының таяғы бір ойыншыға тиген кезде ғана бір орында тоқтап тұрады). Көзін байлаған ойыншы таяғының кімге тигенін дәл тапса, сол ойыншымен орын ауыстырады. Таба алмаса, келесі ойыншыға ұсынады, оны да таба алмаса, үшіншіге ұсынады. Осылайша ол үш ойыншының атын атайды. Олардың атын |

| | |
|---|---|
| | анықтай алмаса, көзі шешіліп, сол ортада тұрған бойында көпшіліктің ұйғарымымен өнер көрсетеді. Болған соң көзі қайта байланады да ойын жалғаса береді.<br>Дидактикалық ойын. «Жануарлар немен қоректенеді» және «Құйрығын тап» |
| «Болашақ» ересек Тобы | Тақырыбы: «Қазақтың ұлттық бас киімдері»<br>1.Жылулық шеңбері.<br>2. «Шкафта не жасырылған?» ойыны.<br>3. «Тақия тастамақ» қимылды ойыны.<br>4. «Сөзді тап!» ойыны.<br>5. «Қызыл телпек» ертегісіне арналған әнді орындап, кейіптендіру.<br>6. «Бас киімдер» сән үлгісін көрсету.<br>7. Сән үлгісі барысында  халық күйі  «Аққабаның толқыны»  қосылады.<br>8.Ұлттық ойын - «Сиқырлы таяқ».<br>Шарты: Бұнда ойнаушылар санына шек қойылмайды. Ойынға жиналғандар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер құрып тұрады да, араларынан біреуін ойын жүргізуші етіп тағайындайды. Жүргізуші қолына таяқ ұстап, шеңбердің ортасына шығады да, ойын тәртібін, жолдарын түсіндіреді. Ойнаушылардың бір шетінен бастап барлығына рет қатарын білдіретін сандарын атайды. Сонан кейін жүргізуші қолындағы таяғының бір басын жерге тіреп тік ұстайды да, кез келген бір ойыншының санын атап, таяқты қоя береді.<br>9.Жылулық шеңбері.Бас киімдер туралы тыйым сөздер. |

Бекітілді ________

«Babi» жеке бөбекжайының

әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы

Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 17-21.11.2024ж

Құндылық: Әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: Қоғамға қызмет

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 17.11.2024ж | Сейсенбі 18.11.2024ж | Сәрсенбі 19.11.2024ж | Бейсенбі 20.11.2024ж | Жұма 21.11.2024ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| «Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы: «Көліктер»<br>Сұрақ-жауап.<br>─ Қазір жылдың қай мезгілі?<br>─ Қыс мезгілінде қанша ай бар? Олар қандай айлар? Қазір қыс мезгілінің қай айы?<br>─ Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады?<br>– Балабақшаға немен келдің?<br>-Жақсы, бүгінгі ұйымдастырылған іс әрекетіміздіде осы көліктер, көліктер түрлері, бағдаршам туралы айтатын боламыз.<br>Жұмбақтар шешу:<br>Тізбектелген көп үйлер,<br>Көшіп жүрген көк үйлер. (поезд)<br>Құс сияқты құс емес,<br>Жүрсе де тым биікте.<br>Қақпайды бір қанатын<br>Жүрсе де тым биікте (ұшақ)<br>Қос күрекпен еседі,<br>Су көлігі деседі.<br>(қайық)<br>Жүргізуші жүргізеді,<br>Төрт аяқты батырды. (машина)<br>Сергіту сәті:<br>Көлік кетіп барады,<br>Жан – жағына қарады.<br>Бағдаршамда қызыл жанғанда,<br>Көлік тоқтап қалады.<br>Пойыз кетіп барады,…<br>Жан – жағына қарады.<br>Бағдаршамда қызыл жанғанда,<br>Пойыз тоқтап қалады.<br>Дидактикалық ойыны «Бұл қандай көліктер»<br>Шарты: көліктердің ішінен суда, әуеде және жерде жүретін көліктерді ажыратып, көліктерді жіппен байлап, өткізеді.<br>Балалар көліктерді төртке бөліп көрсетеді.<br>Ұлттық ойын «Арқан тарту»<br>Балалар екі топқа бөлінеді де, арқанды екі жаққа тартады. Қай топ бірінші құласа, сол топ жеңіп шыққан болады. Жеңілген топ |

| | |
|---|---|
| | мақал-мәтелдер айтады.<br>Күй күмбірі<br>Ұлттық ойын кезінде “Қоңыр” күйін қосып қою.Дәулеткерей Шығайұлы<br>Қорытынды:<br>- Балалар, біз не туралы әңгімеледік:<br>- Көліктің қандай түрлері болады?<br>-Адамға көлік не үшін қажет?<br>-Жолда жүру тәртібі не үшін қажет? |
| «Болашақ» ересек Тобы | Тақырыбы: «Ұ» дыбысы<br>1.«Ұ» дыбысына басталатын ,ортасында кездесетін сөздерді ата.<br>2. Дәптермен жұмыс.<br>3. Жұмбақты шеш.<br>Күміс қанат сұңқары,<br>Көкке еркін сүңгиді.<br>Бұлттан да тым әрі,<br>Кеткен жанды кім дейді? (Ұшқыш)<br>4. «Ұ» әріпін тақтаға жаздыру және білетін сөздерін айту.<br>5. Сергіту сәті. Ұлттық ойын «Арқан тарту»<br>Балалар екі топқа бөлінеді де, арқанды екі жаққа тартады. Қай топ бірінші құласа, сол топ жеңіп шыққан болады. Жеңілген топ мақал-мәтелдер айтады.<br>Күй күмбірі<br>Ұлттық ойын кезінде “Қоңыр” күйі қосылады. Дәулеткерей Шығайұлы<br>6. «Көліктер» тақпағы. Авторы: С.Берденов |

Бекітілді

«Babi» жеке бөбекжайының

әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы

Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 26.01-30.01.2025ж

Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 26.01.2025ж | Сейсенбі 27.01.2025ж | Сәрсенбі 28.01.2025ж | Бейсенбі 29.01.2025ж | Жұма 30.01.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Қазақ тіліне тән дыбыстарды, сөздерді меңгерту. | Сөздік қорларын байытуда шағын тақпақ жаттауға үйрету. | қазақ тіліне тән «і» дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. | Қазақ тіліне тән дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>«І» дыбысына жаңылтпаш жаттау. | қазақ тіліне тән **«і»** дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттау.<br>Жол ережесін сақтаймын.<br>-Бағдаршамның сары көзі жанғанда дайындаламын.<br>-Жасыл көзі жанғанда жүремін.<br>Қызыл көзі жанғанда тоқтаймын ережелерін үйрету;<br>«Алдар көсе» ертегілерін,қазақша мультфильмдерді қарауды ұсыну.Үйде өз қалауы бойынша «І» дыбысына әке мен бала немесе ана мен бала, аға мен іні (қарындас) арасында жаңылтпаш айту жарысын ұйымдастыру. | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |

| | |
|---|---|
| «Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы:«Жол тәртібін сақтайық!»<br>Мақсаты: Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды  жаттауға баулу.<br>Жұмбақ шешу<br>Жоқ өзінде бас та,аузы да ,құлақ та,Бақырайған үш көзі барбірақ та (Бағдаршам)<br>Тақпақ жаттайық!<br>Жол белгілері Қиылыста, жол шетінде, бұрышта. Түрлі-түрлі белгілер бар тұратын. Жүресің бе, жүрмегенің дұрыс па. Не істеу керек? Соған қарап ұғасың.<br>Санамақ<br>Кел санайық, санамақ,<br>Саусақтарды даралап<br>Бас бармағым алғашқы,<br>Балан үйрек жалғасы,<br>Ортан терек атасы,<br>Шылдыр шүмек анасы,<br>Шынашағым балапан,<br>Бәріне ортақ алақан.<br>Ойын: «Дұрыс - бұрыс»<br>Балалар дұрыс жауапқа қолдарын шапалақтайды.<br>– Көшеден өткенде оңға солға қараймын.<br>– Көшенің ортасында доп ойнаймын.<br>–Жол ережесін сақтаймын.<br>-Бағдаршамның сары көзі жанғанда дайындаламын.<br>-Жасыл көзі жанғанда жүремін.<br>Сергіту сәті.<br>Ұлттық ойын: «Орамал тастамақ»<br>Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда ол оларды сыртынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалын тастап кетеді. Егер кайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағындақалған орамалды байқамаса, басқарушы оны орамалмен қуалайды. Ал егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса, бастаушыны қууға тиіс.<br>Күй күмбірі<br>Ұлттық ойын кезінде «Көмекей» күйін қосып қою.Авторы: Дәулеткерей ШығайұлыТіл ұстарту жаттығулары.<br>Оңға түзу тұр, солға түзу тұр.<br>Алға бір адым, артқа бір адым.<br>Оңға бұрылып, солға үңіліп, |

| | |
|---|---|
| | Жоғары, төмен қарайық!<br>Орнымызды табайық.<br>Қорытынды:Балдарды мадақтау.<br>Күтілетін нәтиже**:** Қазақ тіліне тән дыбыстарды өздігінен дұрыс айтады. |
| «Болашақ» ересек Тобы | Тақырыбы: «У» дыбысы<br>Мақсаты: Тілдік және артикуляциялық аппаратты,тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән «У» дыбысын,осы дыбыстан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту,сөздегі дыбыстың орнын анықтау (басы,ортасы, соңы)<br>«У» әрпі неге ұқсайтынын айт. «Уық», «ау», «астау» , «у» сөздеріндегі басы,ортасы,соңындағы дыбыстарды ата.<br>«У» әрпінің орнын анықта, оларды дөңгелектеп қорша.<br>Сергіту сәті.<br>Ұлттық ойын: «Орамал тастамақ»<br>Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда ол оларды сыртынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалын тастап кетеді. Егер кайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағындақалған орамалды байқамаса, басқарушы оны орамалмен ұрғылайды. Ал егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса, бастаушыны қууға тиіс.<br>Күй күмбірі<br>Ұлттық ойын кезінде «Көмекей» күйін қосып қою.Авторы: Дәулеткерей Шығайұлы<br>«Уу»әрпін жазып үйрен. У –бас әріп; у-кіші әріп.<br>Жасырынған сөз қандай дыбыстан басталатынын анықта.Суретті боя.<br>Үлгі бойынша жаз.Уу |

Бекітілді ________

«Babi» жеке бөбекжайының

әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы

Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 02.02-06.02.2025ж

Құндылық: жасампаздық пен жаңашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 02.02.2025ж | Сейсенбі 03.02.2025ж | Сәрсенбі 04.02.2025ж | Бейсенбі 05.02.2025ж | Жұма 06.02.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Болашақ» мектепалды тобы | «Балапан» ортаңғы тобы | «Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы<br>«Болашақ» ересек тобы | «Болашақ» ересек тобы | «Болашақ» мектепалды тобы |
| Баламен жеке жұмыс | Тазалықтың денсаулыққа қаншалықты қажет екенін айтып түсіндіру | Баланың сөздік қорын дамытуда, тазалық туралы ертегі үйрету.<br>Қазақ тіліне тән **«ә»** дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. | Бұйрық райлы «кел» етістікті жекелей қолдануға баулу | Тыйым сөздер үйрету.<br>«Малды (соғымды) өтпейтін пышақпен сойма!», «Мал бауыздағанда,тура қарама!»,«Малдың қаны төгілген жерді баспа!» сөздерінің мәнін түсіндіру. | Ұлттық ет тағамының ыдысы астау мен малға жем салатын,су құятын астауды салыстыру. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Қарапайым «Ә» дыбысы бар сөз тіркестерін қайталап айтқызу;<br>**«Ә»** дыбысынан басталатын сөздерді сөз ішінде тілдерін көп жаттыру;<br>Адамдар ас жейтін астау мен мал өсіруге байланысты астауды салыстыра сурет салу не ермексазбен мүсіндеуді ұсыну.<br>Ата-аналардың балаларына «соғым сою» дәстүрін көрсетуін ұсыну. | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |

| | |
|---|---|
| «Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы: «Тазалық- таза баланың досы»<br>Мақсаты: Қазақ тіліне тән «ә» дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>Біздің денсаулығымыз мықты болу үшін тазалықты сақтауымыз керек.<br>Жаңа сөздермен таңыстыру.<br>– Тазалық сақтауға сабын, сүлгі, тарақ т.б заттарды қолданамыз. Балалар жаңа сөздерді қайталайды.<br>Жұмбақтар<br>Дымқылдап күнде сен<br>Қолыңды сүйкесең<br>Кетіп кір ,ласың<br>Тап-таза боласың.<br>Бұл не? (сабын)<br>Шомылған баланы<br>Аймалап алады<br>Сүртеді қолын да<br>Сүртеді жонын да<br>(Сүлгі)<br>Аузы жоқ,көзі жоқ<br>Тілі жоқ, сөзі жоқ<br>Бірақ та тісі жоқ<br>Басыңмен ісі бар<br>Бұл не? (тарақ)<br>-Балалар, жұмбақтың шешуі қандай заттар?<br>-Тазалық сақтайтын заттар.<br>Дидактикалық ойын<br>Пайдасыз заттарды балалар өздері таңдап қоқыс жәшікке салады.<br>Ұлттық ойын «Арқан тарту»<br>Балалар екі топқа бөлінеді де, арқанды екі жаққа тартады. Қай топ бірінші құласа, сол топ жеңіп шыққан болады. Жеңілген топ мақал-мәтелдер айтады.<br>Күй күмбірі<br>Ұлттық ойын кезінде “Қоңыр” күйін қосып қою. Авторы: Дәулеткерей Шығайұлы<br>Тіл ұстарту жаттығулары<br>Зе- зе- зе<br>Бұл шыны терезе. |

| | |
|---|---|
| | Гі-гі-гі<br>Бет сүртетін сүлгі.<br>Ә – ә – ә -  әйнек.<br>Са-са – сабын<br>Та-та – тарақ.<br>Қорытынды: Балалар, сау болыңдар!<br> Күтілетін нәтиже:Сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтады; |
| «Болашақ» ересек Тобы | Мал өсіруге байланысты (астау) сөзімен сөздік қорларын толықтыру.<br>Тілдік дамытушы орта.Ертегі,батырлар жырынан  «астау –астау ет» сөзіне байланысты үзінділер оқу. Адамдар ас жейтін астау мен мал өсіруге байланысты астаудың айырмашылығын айту.<br>Дыбыстық мәдениет жаттығулары.<br>Сөздікқор.«астау» сөздікқорын дамытуда  өлең,санамақ,жаңылтпаштар жаттау.<br>Сергіту сәті. Ұлттық ойын «Арқан тарту»<br>Балалар екі топқа бөлінеді де, арқанды екі жаққа тартады. Қай топ бірінші құласа, сол топ жеңіп шыққан болады. Жеңілген топ мақал-мәтелдер айтады.<br>Күй күмбірі<br>Ұлттық ойын кезінде  "Қоңыр" күйін қосып қою. Авторы: Дәулеткерей Шығайұлы<br> «Астау» сөздікқорын дамытуда  сөз тіркесін жаттау. Мысалы: «Сағынайдың асында астау-астау ас асылыпты»<br>Байланыстырып сөйлеу. «Астау» сөзіне байланысты өз бетімен жұмыс жасап, сөйлеу, түсіндіру |

Бекітілді ____________
«Babi» жеке бөбекжайының
әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы
Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 09.02-13.02.2025ж
Құндылық: жасампаздық пен жаңашылдық
Құзыреттілік: шығармашылық

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 09.02.2025ж | Сейсенбі 10.02.2025ж | Сәрсенбі 11.02.2025ж | Бейсенбі 12.02.2025ж | Жұма 13.02.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Қазақ тіліне тән «Қ» дыбысын өздігінен дұрыс айтауға үйрету.<br>Тіл ұстарту<br>Ар - ар – ар,<br>Қандай аппақ қар.<br>Ыс - ыс – ыс,<br>Келіп қалды қыс. | «Қ» дыбысына әке мен бала немесе ана мен бала арасындағы жаңылтпаш айту жарысы.<br>Қыс қыспаса,қыс па?<br>Құс ұшпаса құс па? | Қысқы жануарлар туралы жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. | Жаңа ертегіні тыңдай білуге дағдыландырып, есте сақтауға үйрету.<br>Әдет-ғұрып, салт-дәстүрді үйрету үшін қонаққа шақыру,«сыбаға» беру дәстүрін қою. | Әдет-ғұрып, салт-дәстүрді үйрету үшін қонаққа шақыру,«сыбаға» беру дәстүрін қою. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Орманда тіршілік ететін жануарлармен таныстыру.<br>*(қазақ тіліне тән қ дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу)*<br>Ар - ар – ар,<br>Қандай аппақ қар. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Ыс - ыс – ыс,<br>Келіп қалды қыс. Тіл ұстарту жаттығуын қайталау.<br>Ата-аналарға балаларымен біріге отырып, қора немесе қоршау құрастыру.<br>Ата-аналардың балаларына «соғым сою» дәстүрінен ең қымбатты, қадірменді қонақтарына, ағайын-тума,бауырларына арнап алып қалған соғымын, яғни сыбағасын көрсетуін ұсыну. |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | |
| «Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы:«Қысқы орман»<br>-Балалар,мына сандықтың ішінде орман жануарларынан келген хат бар екен. Мен сендерге сол хатты оқып берейін.<br>-Сәлеметсіңдер ме,балалар! Сендерге хат жазып отырған орман жануарлары. Біздің орманда қызық жағдайлар болып жатыр. Жануарлардың барлығы шулап жүр. Қоян мен тиін сәбіздері мен жаңғақтарын шашып алып, жылап отыр екен.Оларға сендердің көмектерің қажет болып тұр.<br>-Балалар,орманда қандай жануарлар тіршілік етеді?<br>Қоян,түлкі,қасқыр,аю,тиін,кірпі.<br>-Дұрыс айтасыңдар. Олай болса,сол ормандағы жануарларға көмекке барайық.(балалар орындарынан тұрып,орманға бара жатырған сәтті қимылмен көрсетеді)<br>Жайлап қана адымдап,<br>Жолмен енді жүреміз.<br>Ақырындап қоянға,<br>Жеттік міне бәріміз.<br>-Бұл отырған кім екен?<br>-Қоян.<br>-Қоянның құлағы қандай?<br>-Ұзын.<br>-Мына жерде қоян сәбіздерін шашып алып,жылап отыр екен.<br>-Кәне,қоянға көмектесейік.<br>Дидактикалық ойын: «Сәбіздерді жина»<br>Балалар сәбіздерді себетке салып, жинайды.<br>-Балалар,қоян сендерге рахметін айтып жатыр.<br>-Мына жерде тиін жаңғақтарын шашып алып,жылап отыр екен, кәне тиінге көмектесейік.<br>Дидактикалық ойын: «Жаңғақтарды жина»<br>Балалар үлкен себетке үлкен жаңғақтарды, кіші себетке кіші жаңғақтарды жинайды.<br>-Балалар,тиін де сендерге алғыстарын айтып жатыр.Сендер ормандағы аңдарға көп көмек жасадыңдар.Енді жайлап |

| | |
|---|---|
| | балабақшамызға қайтайық.<br>Сергіту сәті: Сұр қоян.<br>Ұзын құлақ сұр қоян<br>Естіп қалып сыбдырды,<br>Ойлы-қырлы жерлермен<br>Ытқып-ытқып жүгірді.<br>Қарап еді артына<br>Қиығын сап көзінің,<br>Келе жатқан томпаңдап,<br>Көжегі екен өзінің.<br>Ұлттық ойын: Ақсерек-көксерек<br>Шарты: Екі топ бірін – бірі ұтып алуға тырысады. Ақырыұтылған жақтың адамдары аз мөлшерде не кейде жалғыз басқарушысығанақалатын кездері де болады. Ұтқан топ жүлдесін алады.<br>Күй күмбірі<br>Ұлттық ойын кезінде  “Құлагер” қосып қою. Авторы:Ақан Сері<br>Тіл ұстарту: *(қазақ тіліне тән қ дыбысын өздігінен  дұрыс айтуға баулу)*<br>Ар - ар – ар,<br>Қандай аппақ қар.<br>Ыс - ыс – ыс,<br>Келіп қалды қыс.<br>Қорытынды бөлім: Балаларды мадақтау. Жасаған жұмыстарына алғыс айту. |
| «Болашақ» ересек Тобы | Мал өсіруге байланысты (қора) сөзімен сөздік қорларын толықтыру.<br>Тілдік дамытушы орта.Ертегі,батырлар жырынан  «қора» сөзіне байланысты үзінділер оқу.Мысалы: «Байдың қора-қора қойы болыпты.<br>Дыбыстық мәдениет жаттығулары.<br>Сергіту сәті Ұлттық ойын: Ақсерек-көксерек<br>Шарты: Екі топ бірін – бірі ұтып алуға тырысады. Ақырыұтылған жақтың адамдары аз мөлшерде не кейде жалғыз басқарушысығанақалатын кездері де болады. Ұтқан топ жүлдесін алады.<br>Күй күмбірі<br>Ұлттық ойын кезінде  “Құлагер” қосып қою. Авторы:Ақан Сері<br>Сөздікқор.«Қора» сөздікқорын дамытуда  өлең,санамақ,жаңылтпаштар жаттау.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. .«Қора» сөздікқорын дамытуда  сөз тіркесін жаттау. Мысалы: «Байдың қора-қора малы болыпты» |

| | |
|---|---|
| | Байланыстырып сөйлеу. «Қора» сөзіне байланысты өз бетімен жұмыс жасап, үй жануарларына арналған қора немесе қоршауды қалай жасағанын сөйлеп түсіндіру. |

Бекітілді ____________
«Babi» жеке бөбекжайының
әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы
Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 16.02-20.02.2025ж
Құндылық: жасампаздық пен жаңашылдық
Құзыреттілік: шығармашылық

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 16.02.2025ж | Сейсенбі 17.02.2025ж | Сәрсенбі 18.02.2025ж | Бейсенбі 19.02.2025ж | Жұма 20.02.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Суретте көрсетілген отбасын атап, айтуға үйрету,отбасы мүшелерінің аттарын атау. | Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу. Отбасы мүшелері туралы санамақтар жаттау. | Мақал- мәтелдің мағынасын түсіндіріп қайталату. | Дидиактикалы және дамытушы ойындар ды ,жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорын байыту. | Д/о «Киіз үй»кітапшамен жұмыс.Киіз үй жабдықтары туралы ой бөлісу. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | «Отбасы портретімен танысу» ауызша жаттығу.<br>Отбасы туралы мақал-мәтелдерді қайталау.<br>Шеберлік сағат, көрме,концерт,спорттық жарыстар ұйымдастыруыды ұсыну. | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |
| «Балапан» ортаңғы тобы «Еркемай» | Тақырыбы: «Туыстарым көп менің»<br>Мақсаты: Қазақ тіліне тән «қ» дыбыстарын өздігінен дұрысайтуғабаулу. Қоршаған ортадағы күнделіктіжиі қолданылатынтуыстыққатынасқабайланыстысөздерді(«бөпе»,«аға»,«апа»,«іні»,«қарындас»)айтужәнетүсінудағдыларын | | | | |

| | |
|---|---|
| ортаңғы тобы | қалыптастыру.Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Тілге арналған жаттығу:<br>Ға ға ға аға.<br>Ні ні ні іні.<br>Қа қа қа қарындас.<br>- Балалар, отбасы деген кімдер?<br>- Ал, сендер аналарыңызға қалай көмектесесіздер?<br>Балалар, бәріміздің аға, апа, іні, қарындасымыз бар. Олар кімдер?<br>Аға ол бірге туған ағайындылардың ер жағынан жасы үлкені.<br>Іні ол бауырлас ер адамдардың жас жағынан кішісі.<br>Әпке, апа ол бірге туған қыздардың жас жағынан үлкені.<br>Қарындас ол бірге туған ағайынды ер адамдардан жасы кіші қыздар.<br>Ұлттық ойын «Жамбы ату».<br>Жүгіріп келе жатып балалар екпінін бәсеңдетпестен құрулы бақан үстіндегі нысананы атып құлатуға тиісті болған. Ереже бойынша жігіттер сөреде өз сәйгүліктерінің жанында болады.<br>Күй күмбірі<br>Ұлттық ойын кезінде “Құлагер”  күйін қосып қою. Авторы: Ақан Сері<br>Мақал үйрету.<br>Туысы бірдің уысы бір.<br><br>Туысы бір түртпейді,<br>Түбі бір кетпейді.<br><br>Туысы жақын жақын емес.<br>Қонысы жақын жақын.<br>Дидактикалық ойын: «Суреттен таны»<br>Шарты: суреттерден балалар отбасы мүшелерін атап айтады. Ағасын, інісін, әпкесін көрсетеді.<br>Сөздік минимум: аға, әпке, іні.<br>Күтілетін нәтиже: туыстық қатынасты білдіретін сөздерді түсінеді және атайды;сөзтіркестерініңмәнінтүсінеді,олардыөзбетіншеқұрайды. |

| | |
|---|---|
| «Болашақ» ересек тобы | Тақырыбы: «Киіз үй»<br>1.Киіз үйдің бөліктері(ши,бау,басқұр, арқан,жіп) туралы мәлімет.<br>2.Киіз үй құрылысы (қағаздан макетін жасау)<br>3. Сергіту сәті. Ұлттық ойын «Жамбы ату».<br>Жүгіріп келе жатып балалар екпінін бәсеңдетпестен құрулы бақан үстіндегі нысананы атып құлатуға тиісті болған. Ереже бойынша жігіттер сөреде өз сәйгүліктерінің жанында болады.<br>Күй күмбірі<br>Ұлттық ойын кезінде “Құлагер” күйінқосып қою. Авторы: Ақан Сері<br>4. Тыйым сөздер.<br>5. Баталар.<br>6.Киіз үй суреттерінің топтамасын қарау.<br>7.Киіз үй бұрышына саяхат. |

Бекітілді___________

«Babi» жеке бөбекжайының

әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы

Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 23.02-27.02.2025ж

Құндылық: жасампаздық пен жаңашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 23.02.2025ж | Сейсенбі 24.02.2025ж | Сәрсенбі 25.02.2025ж | Бейсенбі 26.02.2025ж | Жұма 27.02.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Құстардың түрлерімен таныстыру .Таныс ертегілерін жай сөйлемдермен баяндайды. | Тірі табиғат нысандарын бақылау кезінде ертегіден алған әсерімен бөлісу Тыныс алу жаттығуларын дамытуда құстардың дауысын салады. | Бала бақша қызметкерлерінің рөлінде ойнау.Мысалы:бала бақша меңгерушісі, әдіскер, мұғалім тәрбиеші,мейірбике т.б. | Бала бақшадағы күзетші дабылы кезіндегі іс-әрекеттер. Мысалы:күзет ережелерін қимылмен көрсету. | Бала бақша қызметкерлерінің рөлінде ойнау.Мысалы:бала бақша меңгерушісі, әдіскер, мұғалім тәрбиеші,мейірбике т.б. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Саябаққа апарып құрстарды көрсету.<br>Кітаптағы құстардың суретін көрсетіп, құстардың атауын үйрету.<br>Балалар шығармашылық орталығына саяхатқа апарып,жұлдыз «санауды» қарауды ұсыну.<br>Төтенше жағдайлар қызметкерлерімен кездесу ұйымдастыру, бала бақша күзет қызметкерін шақыру, дабыл қағылу кезіндегі қимылдарды, «шығу» жолдарын көрсету. | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |

| | |
|---|---|
| «Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы: Не қалай дауыстайды?<br>Мақсаты:Бұйрық райлы «айт» етістікті жекелей қолдануға баулу.<br>Дидактикалық ойын .Құстардың суреттері, ойыншық құстар, құстардың дауысы жазылған үнтаспа.<br>Балалардың көңілін суретке аударып, балалардан сұрайды:<br>-Мынау не?<br>-Ол қандай құс?<br>-Түсі қандай?<br>-Торғай үй құсы ма, дала құсы ма?<br>-Қайда ұшады?<br>Балалар күлімдеп, қуана мұғаліммен бірге қимыл-қозғалыспен шаттық шеңберін жасайды.<br>Балалар суретке қызыңға қарап, мұғалімді тыңдап, сұрақтарға жауап беруге тырысады.<br>«Сиқырлы сәт» ойыны.Құстардың дауыстары тыңдалады. Балаларды тыңдауға шақырамын. Құстардың дауыстарын тыңдап болған соң, қораптан ойыншық қаз, торғай, тауық, әтешті алады. Енді осыларды жаңағы тыңдағандарымыз бойынша ажыратып, дауыстарын айтып жаттығамыз.<br>-қаз «қаңқ-қаңқ» деп қаңқылдайды, қайталайды.<br>-Торғай «шық-шық-шық» деп, шықылдайды.<br>-Әтеш «ку-ка-ре-ку» дейді.<br>-Тауық «қыт-қыт» деп, айтқыздырып қайталап, үйренеді.<br>Сергіту сәті.<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қане қанат жазайық.<br>Торғайларға ұқсайық,<br>Ұшып-ұшып алайық<br>Дидактикалық ойын:<br>«Дауысын сал!» Құстардың суреттерін таратып беремін.<br>Кімде қандай құстың суреті, оның дауысын салады.<br>Ұлттық ойын «Жамбы ату».<br>Жүгіріп келе жатып балалар екпінін бәсеңдетпестен құрулы бақан үстіндегі нысананы атып құлатуға тиісті болған. Ереже бойынша жігіттер сөреде өз сәйгүліктерінің жанында болады.<br>Күй күмбірі<br>Ұлттық ойын кезінде “Erke сылқым” күйін қосып қою. Авторы: Әбдімомын Желдібаев<br>Қимылды ойын :<br>«Түлкі мен құстар». |

| | |
|---|---|
| | Бір бала түлкі, қалғаны құстар. Түлкі ұйықтап отырады. Құстар ұшып жүреді. Түлкі оянып кетіп, құстарды қуады.<br>Тіл ұстарту.<br>Ғай-ғай – торғай,<br>Ә-ә- теш.<br>Күтілетін нәтиже: сөйлегенде бұйрық райлы етістіктерді жеке қолданады. |
| «Болашақ» ересек Тобы | «Мен полицей, бағдарламашы, дәрігер,хореограф-балерина боламын!» (Қуыршақ ойыншықпен  сипаттау)<br>«Жіп» жылулық шеңбері.Балалар бір-біріне жіпті беру арқылы жылы сөздер айтады.<br>«Сәлемдеме» ойыны.Шарты: Мұғалім балаларға Қарлығаш құстың хат әкелгені жайлы хабарлайды. Қорапты ашқанда, жоғарыдағы көрсетілген мамандықтардың қуыршақтары шығады.Қолға киіп,мамандық иелерінің міндеттерін сипаттау. Қуыршақтар бойынша әңгімелесу.<br>«Кім жоқ?» ойыны.Шарты: Мұғалім балаларға мамандықтардың қуыршақтарына мұқият қарап,көздерін жұмуды сұрап,бір қуыршақты жасырады.Белгіден соң,балалар көздерін ашып,қандай мамандық жоқ екенін,оның қандай киімде болғанын сипаттап айтады.Дұрыс сипаттаған балаға смайлик береді.<br>Шиырма,сергіту сәті.<br>Ұлттық ойын «Жамбы ату».<br>Жүгіріп келе жатып балалар екпінін бәсеңдетпестен құрулы бақан үстіндегі нысананы атып құлатуға тиісті болған. Ереже бойынша жігіттер сөреде өз сәйгүліктерінің жанында болады.<br>Күй күмбірі.Ұлттық ойын кезінде “Ерке сылқым”  күйін қосып қою. Авторы: Әбдімомын Желдібаев<br>Бағдарламашы, дәрігер,хореограф бала бақша қызметкерлерінің сюжетті-рөлді ойыны (қызметкерлерді қонаққа шақыру,құрал-жабдықтарымен келіп,қызмет үлгілерін сахналау) |

Бекітілді ________
«Babi» жеке бөбекжайының
әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы
Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 02.03-06.03.2025ж
Құндылық: тәуелсіздік пен отаншылдық
Құзыреттілік: ұлттық мүдденi дамыту

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 02.03.2025ж | Сейсенбі 03.03.2025ж | Сәрсенбі 04.03.2025ж | Бейсенбі 05.03.2025ж | Жұма 06.03.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жеке жұмыс. | «Қаңбақ шал» ертегісінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтуға баулу | «Мен не білемін?» сұрақ-жауап әдісі арқылы күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға қалыптастыру. | Ойлау қабілетін дамыту мақсатында жұмбақтар шешкізіп және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдауға және оны түсінуге қалыптастыру. | Ана туралы тіл ұстарту жұмбақтар жасырып және қазақ тіліне тән дыбыстарынанық айтуға үйрету және жаңылтпаш қайталату |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Балаларға аналарын қалай жақсы көретінін сұрау<br>Бала ананы сыйлауды білу және толық бір күнін мерекеде бірге өткізу | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |

| | |
|---|---|
| «Балапан»<br>ортаңғы тобы<br>«Еркемай»<br>ортаңғы тобы | Тақырыбы:«Ана-біздің гүліміз»<br>Балаларға аналар мерекесі туралы мағлұмат беріп, аналарды сыйлауға, құрметтей білуге тәрбиелеу.Мерекелік көңіл күй орнату.<br>Жұмбақтар<br>Даладай<br>Кімнің кең пейілі?<br>Данадай,<br>Кімнің мол мейірі?  (Ана)<br>Табаққа түспес,<br>Қазанға піспес,<br>Оны ішпей адам өспес. (Ана сүті)<br>Ұлттық ойын:  «Ортаға түспек»<br>Шарты: Ортадан көп ойыншы сиярлықтай үлкен төрт бұрыш сызылады. Бірінші топ сол төрт бұрыштың ішіне енеді де, екінші топ сырттан орын алады. Ойын басталған соң сырттағы ойыншылар тік төрт бұрыштың ішіндегі ойыншыларды бір доппен дәлдеп ұра бастайды. Доп тиген ойыншы сызықтың сыртына шығарылады. Егер ол допты денесіне дарытпай, әрі жерге түсірмей қағып алса, сыртқа шығарылғандардың біреуін қайта кіргізіп алады. Тік төрт бұрыштың ішінде жалғыз ойыншы қалғанда, ұтып жатқан топ оған 5 не 10 рет сызықты айнала жүгіруге айып бұйырады.<br>Сергіту сәті.<br><br><br>Күй күмбірі: Сергіту сәті барысында Дәулеткерейдің «Қос ішек» күйі қосылады.<br>Дидактикалық ойын<br>«Сенің анаң қандай?»<br>Балалар әрқайсысы өз анасын сипаттайды.<br>Мақал-мәтелдер<br>Атадан — өсиет,<br>Анадан — қасиет.<br>*** |

| | |
|---|---|
| | Ағайын — алтау,<br>Ана — біреу. |
| «Болашақ» ересек тобы | Тақырып:«Менің Анашым»<br>1.«Таңғажайып тарту» ертегісін оқу.<br>2.«Еркелету» ойыны. Шарты: Ортаға бала шығып, анасына телефон шалып, жылы сөздерін арнайды,Анасы баласын қалай еркелететіндігі жайында айтып,бір-бірін еркелетеді.Баяу музыка ойнап тұрады.<br>3.«Моншақ» теру.Моншақты сым темірге өткізеді.Ұлдар топтағы қыздарға таңғажайып сыйлық тарту үлгісін қимылмен көрсетеді.<br>4.Күй күмбірі.<br>Моншақ теру барысында Дәулеткерейдің «Қыз Ақжелең» күйі қосылады.<br>5. Ұлтық ойын: «Жузік тастау»<br>Шарты: Үйде де, далада да, көбінесе кешке қарай ойнала береді. Қатысушылар саны шектелмейді. Бірінші турі. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырып, жаюлы алақандары- тізелерінің үстіне қояды. Апақанында сақинасы бар бастаушы ортаға шығып, әркімге: қол беріп амандасқан бола журіп, сақинаны білдірмей біреудің алақанына салып кетіп:. Қолына сақина киген кісі өзін-өзі сабырлы ұстап, ешкімге білдірмеуге тырысады.<br>6.Аналарының суреттерімен сөйлесу.Әр бала өз анасының суретін алады.Сол бойынша Анасына сүйіспеншілік сезімін білдіредіМысалы: Мені Анамды «Анашым» («Анажан») деймін. Ол мені «Ақ ботам» («Құлыным», «Қошақаным», «Лағым») деп еркелетеді, жылы сөздер айтып жұбатады..Мен Анашымды бәрінен ерекше жақсы көремін. Аналар мерекесіне отбасымыз болып дайындалып жатырмыз т.б. т.с.с.)<br>7.«Жылы сөз айту» ойыны.Шарты: Балалар шеңбер құрады.Сағат тілімен бір-бірінің құлағына жылы сөздер сыбырлап айтады. Екінші рет сағат тіліне қарсы кері байланыс орнатылады. |

Бекітілді ____________

«Babi» жеке бөбекжайының

әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы

Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 09.03-13.03.2025ж

Құндылық: тәуелсіздік пен отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүдденi дамыту

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 09.03.2025ж | Сейсенбі 10.03.2025ж | Сәрсенбі 11.03.2025ж | Бейсенбі 12.03.2025ж | Жұма 13.03.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Мереке күні | «Балақайға ертегі көрсетеміз!» сюжеттік суреттер арқылы таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтқызу | «Тыңда, көрсет, қайтала» ойыны арқылы сөздерді еркін айтуға және қазақ тіліне тән «ө», «қ», «ү», «ұ», «і» дыбыстарынанық айтқызу. | Тілдік сөйлеу жүйесін дамыту және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдау үшін жаңылтпаш айтқызу. | «Мен не білемін?» сұрақ-жауап әдісі арқылы күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға қалыптастыру. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Балаларға киіз үй жабдықтарын көрсету және түсіндіру<br>Киіз үй жайлы қосымша ақпараттандыру | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |

| | |
|---|---|
| «Балапан» ортаңғы тобы «Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы: Киіз үй жабдықтары.<br>Салт-дәстүрлерлермен таныстыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, жай сөйлеммен сипаттап айтып беруге баулу.Қазақхалқыныңтұрмыстықзаттарымен,киім-кешегіменжабдықталған орта құру.Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған<br>киіз үйдің заттарын жәнетұрмыстықзаттарды білдіретін (кереге, уық,шаңырақ, ағаш<br>керует,кебеже,сандық,кілем,сырмақ,алаша,ши,бау,басқұр,арқан,жіп түсініктердіқалыптастыру Балалар менің қолымда қандай зат?<br>Киіз үй ауа райыныңқандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы.Ішіне жарық жақсы түседі,ауа алмасуы талапқа сай,жел дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын *сүйегі* деп атайды. Оларкереге,уық,шаңырақ,сықырлауық.(жарма есігі)<br>*Шаңырақ*: киіз үйдің уықтарын біріктіріп,еңсесін көтеріп,тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер<br>*Кереге*: киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі.<br>*Уық*: кереге меншаңырақтың арасын ұстап,қосып тұратын сырық.<br>*Киіз есік*: сықырлауықты жауып,шаңырақ арқылы өткізіліп байланады.<br>Киіз есіктің сырты киіз,ортасы ши,астары жарғақ теріден жасалады.<br>Үй жиһаздары:<br>Ағаш төсек:жату үшін пайдаланатын үй жиһазы.<br>Сандық: киім кешек,т.б.зат салуға арналған үй жиһазы.<br>Ұлттық ойын. «Жылдырт-жылдырт»<br>Шарты: Бұл ойынды орындыққа алқа-қотан отырып ойнайды. Қатынасушылар 10—15, кейде одан да көп болады. Ойын бастаушы шеңбердің ортасына отырып алып, қалтасынан не жүзік, не күміс аңшаны алады да, оның ерекше белгісімен ойыншыларды таныстырады, не сол жерде белгі салады. Содан соң отырған ойыншыларға ойын тәртібін түсіндіреді: бәрің де екі алақандарыңды бір-біріне қабыстыра ортасын қуыс етіп алға созыңдар. Егер алақандарыңа мына «жылдыртпа» түсе қалса, оны тез және өзіңнен басқаға сездірмей қабылдап ал да, үнемі оң жағыңдағы көршіңе жылдыртып жібер.<br>Төсеніштер:<br>Алаша,киіз,сырмақ.<br>Тұскиіз сәндік үшін төсектің тұсына тұтатын үй бұйымы<br>Қоржын екі жағын тең етіп тоқыған зат салатын дорба.<br>Дидактикалық ойын: «Киіз үй құрастыр»<br>Шарты: Суреттерден киіз үй құрастырып жасау керек.<br>Күй күмбірі: Ойын барысында Дәулеткерейдің «Сұлу қыз» күйі қосылады. |

| | |
|---|---|
| «Болашақ» ересек тобы | Ауызекі сөйлеудегі мақал-мәтелдер, көркем сөз,жаңылтпаш, жұмбақтар.<br>1.Оқыту карталары арқылы мақал-мәтел- дер тыңдату.<br>2.Тағылымды көркем сөздер тыңдату.<br>3.«Қызықты қазақ тілі»сабақтарынан 6 жасқа арналған өлеңдер,тақпақтар айту.<br>4.«Кітапхана» дидактикалық ойыны. («Зерек» 6-7 жастағы баланың өздігінен дамуы үшін арналған кітап бойынша)<br>5. Күй күмбірі. Дидактикалық ойын барысында Құрманғазы Сағырбайұлының «Назым» күйі қосылады.<br>6. Ұлттық ойын. «Орамал тастау»<br>Шарты: Ол жазда, аланда, көгалды шөптесін жерде ойналады. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын соншалықты қызық болады. Ойнаушылар тең екі топқа бөлінеді де, арасы он адымдай екі сызықтың бойына қарама-қарсы қатарласа тұрады. Жүргізуші қолындағы орамалын бірінші топтың өз жағындағы шеткі ойыншыға береді. Ол өзінің қарсыласының біреуіне тастайды да: «қа» деп дауыстайды. Ол қағып «ғаз», дейді, болмаса «ла» дейді. Сонда «қағаз», «қала», т. б. сөздер шығады. Айтатын сөз екі буыннан ғана тұруы керек, мысалы «са» деп дауыстаса, «са-дақ», «са-қа», «са-бын»-, «са-қал», «са-рын» т. б. сияқты сөздер айтылуы керек.<br>7.Е.Елубаев. «Балаларға базарлық» (жаңылтпаштар,жұмбақтар) |

Бекітілді

«Babi» жеке бөбекжайының

әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы

Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 16.03-20.03.2025ж

Құндылық: тәуелсіздік пен отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 16.03.2025ж | Сейсенбі 17.03.2025ж | Сәрсенбі 18.03.2025ж | Бейсенбі 19.03.2025ж | Жұма 20.03.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жеке жұмыс. | Наурыз мейрамы туралы тіл ұстарту жаттығуларын айтқызып және қазақ тіліне тән дыбыстарынанық айтуға үйрету және жаңылтпаш қайталату | «Мен не білемін?» сұрақ-жауап әдісі арқылы күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға қалыптастыру. | «Тыңда, көрсет, қайтала» ойыны арқылы сөздерді еркін айтуға және қазақ тіліне тән «ө», «қ», «ү», «ұ», «і» дыбыстарынанық айтқызу. | Наурыз мейрамы туралы тіл ұстарту жаттығуларын айтқызып және қазақ тіліне тән дыбыстарынанық айтуға үйрету және жаңылтпаш қайталату |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Балаларға Наурыз мейрамын түсіндіру<br>Наурыз мерекесінде серуендеу | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |
| «Балапан» ортаңғы тобы «Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы: «Қош келдің әз-Наурыз»<br>Балалар,халқымыз наурыз айында қандай мейрамды тойлайды?<br>-Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Жауабын тапқан балаға қызғалдақ гүлін сыйлаймын.<br>Жұмбақтар.<br>Көктемде көктеп шығады талға,<br>Күзде сарғайып түседі жерге.<br>(Жапырақ)<br>Үй үстінде ұсақ тап (Жұлдыз)<br>Аспанда алып доп,Жарқырайды жарық боп. (Күн)<br>Ұлттық ойын. «Сайыскерлер»<br>Шарты: Ойынға кезекпен екі баладан қатысады. Тегіс жерге диаметрі бір метрден екі шеңбер сызылады. Шеңбердің ара қашықтыгы 20 сантиметрден болуы керек. Әр шеңбердің ішінде бір-бірден шайба жатады. Ағаш таяқпен шеңбер ішіндегі шайбаны ұрып шыгару керек. Ойыншылар өз шеңберін қоргай отырып, қарсылстарының шеңберіне шабуыл жасайды. Сайыс үш рет қайталанады. Кімде-кім қарсыласының шеңберінен шайбаны екі рет үрып шығарса, сол жеңеді.<br>Сергіту сәті.<br>Біз гүлдерше өсеміз,<br>Жапырағы жайқалған<br>.Сабақтары салалы,<br>Желмен бірге өсеміз.<br>Суреттер. Мынау қандай гүл? Бұл өзі кішкентай, суыққа төзімді Бәйшешек гүлі.-Бәйшешектің түсі қандай?<br>Дидактикалық ойын: «Гүлдерді құрастыр» -балалар, гүлдіңсабағын қазақ ортасына қоямыз.Жоғары-төмен жағына сабақтарын орналастырамыз.Жапырақтың пішіні қандай?<br>Қимылды ойын: «Арқан тартыс», «Асық ату»<br>Күй күмбірі. Қимылды ойын барысында Құрманғазы Сағырбайұлының «Балбырауын» күйі қосылады.<br>Наурыз мейрамы туралы түсіндіру. |
| «Болашақ» ересек тобы | Туыстық қарым-қатынасты (бауыр, немере, шөбере) білдіретін сөздерді үйрету.<br>1.Туыстық қарым-қатынас өрбуін «Бәйтерек» суреті арқылы түсіндіру.<br>2.Қазақ халқының туыс-туғандық «аталық жүйесі», ұрпақтарының атаулары (асық стендісі бойынша айтқызу)<br>3.Ермек Өтетілеуовтың «Өз жұртым» өлеңін талдап,түсіндіру.<br>4. «Мен және бәрі,бәрі,бәрі!» Отбасындағы әкенің,ананың,баланың қамқорлығы туралы әңгіме. (суретке қарап, отбасы мүшелерін атап,өз отбасымен салыстырту, «қадірлі,сүйікті,ардақты,мейірімді,сабырлы» деген сөздерді қолданып, отбасы мүшелері туралы сөйлем құрастырту) |

| | |
|---|---|
| | 5.Күй күмбірі. Өлең барысында Құрманғазы Сағырбайұлының «Сарыарқа» күйі қосылады.<br>6.Ұлттық ойын. «Сақ құлақ»<br>Шарты: Бұл ойынның әрбір қимылы сөйлеп жүріп орындалады. «Сақ құлақ» ойынын қазір көбінесе «Телефон» деп атап жүр. Біз оның ескі атауымен аталуын жөн көрдік. Қатынасушылардың арасынан бір ойын жүргізуші тағайындалады. Ойнаушылар қаз-қатар түрегеліп тұрады немесе қатарласа отырады. Бірақ бір ойыншы мен екінші ойыншының арасы бір метрдей алшақ болуға тиіс. Ойынды бастаушы (I-ойнаушы) естілер-естілмес дауыспен бір-екі сөзді бірақ рет айтып қалады. Сол сөзді қағып алған 2-ойнаушы үшіншіге, үшінші төртіншіге, төртінші одан әрі тез-тез айтып, онан әрі жеткізе береді. Олардың бәрі сөздерді бір рет қана айтып, тым-тырыс отырады.<br>7.Мақал-мәтелдер айту,мағынасын түсіндіру.<br>8. «Бауыр керек!», «Немерем» әндерін тыңдату. |

Бекітілді ________

«Babi» жеке бөбекжайының

әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы

Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 16.03-20.03.2025ж

Құндылық: тәуелсіздік пен отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүдденi дамыту

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 16.03.2025ж | Сейсенбі 17.03.2025ж | Сәрсенбі 18.03.2025ж | Бейсенбі 19.03.2025ж | Жұма 20.03.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жеке жұмыс. | Наурыз мейрамы туралы тіл ұстарту жаттығуларын айтқызып және қазақ тіліне тән дыбыстарынанық айтуға үйрету және жаңылтпаш қайталату | «Мен не білемін?» сұрақ-жауап әдісі арқылы күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға қалыптастыру. | «Тыңда, көрсет, қайтала» ойыны арқылы сөздерді еркін айтуға және қазақ тіліне тән «ө», «қ», «ү», «ұ», «і» дыбыстарынанық айтқызу. | Наурыз мейрамы туралы тіл ұстарту жаттығуларын айтқызып және қазақ тіліне тән дыбыстарынанық айтуға үйрету және жаңылтпаш қайталату |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Балаларға Наурыз мейрамын түсіндіру<br>Наурыз мерекесінде серуендеу | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |
| «Балапан» ортаңғы тобы «Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы: «Қош келдің әз-Наурыз»<br>Балалар,халқымыз наурыз айында қандай мейрамды тойлайды?<br>-Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Жауабын тапқан балаға қызғалдақ гүлін сыйлаймын.<br>Жұмбақтар.<br> Көктемде көктеп шығады талға,<br>Күзде сарғайып түседі жерге.<br>(Жапырақ)<br>Үй үстінде ұсақ тап (Жұлдыз)<br>Аспанда алып доп,Жарқырайды жарық боп. (Күн)<br>Ұлттық ойын. «Сайыскерлер»<br>Шарты: Ойынға кезекпен екі баладан қатысады. Тегіс жерге диаметрі бір метрден екі шеңбер сызылады. Шеңбердің ара қашыңтыгы 20 сантиметрден болуы керек. Әр шеңбердің ішінде бір-бірден шайба жатады. Ағаш таяқпен шеңбер ішіндегі шайбаны ұрып шыгару керек. Ойыншылар өз шеңберін қоргай отырып, қарсылстарының шеңберіне шабуыл жасайды. Сайыс үш рет қайталанады. Кімде-кім қарсыласының шеңберінен шайбаны екі рет үрып шығарса, сол жеңеді.<br>Сергіту сәті.<br>Біз гүлдерше өсеміз,<br>Жапырағы жайқалған<br>.Сабақтары салалы,<br>Желмен бірге өсеміз.<br>Суреттер. Мынау қандай гүл? Бұл өзі кішкентай, суыққа төзімді Бәйшешек гүлі.-Бәйшешектің түсі қандай?<br>Дидактикалық ойын: «Гүлдерді құрастыр»  -балалар, гүлдіңсабағын қазақ ортасына қоямыз.Жоғары-төмен жағына сабақтарын орналастырамыз.Жапырақтың пішіні қандай?<br>Қимылды ойын: «Арқан тартыс», «Асық ату»<br>Күй күмбірі. Қимылды ойын барысында Құрманғазы Сағырбайұлының   «Балбырауын» күйі қосылады.<br>Наурыз мейрамы туралы түсіндіру. |
| «Болашақ» ересек тобы | Туыстық қарым-қатынасты (бауыр, немере, шөбере) білдіретін сөздерді үйрету.<br>1.Туыстық қарым-қатынас өрбуін «Бәйтерек» суреті арқылы түсіндіру.<br>2.Қазақ халқының туыс-туғандық «аталық жүйесі», ұрпақтарының атаулары (асық стендісі бойынша айтқызу)<br>3.Ермек Өтетілеуовтың «Өз жұртым» өлеңін талдап,түсіндіру.<br>4. «Мен және бәрі,бәрі,бәрі!» Отбасындағы әкенің,ананың,баланың қамқорлығы туралы әңгіме. (суретке қарап, отбасы мүшелерін атап,өз отбасымен салыстырту, «қадірлі,сүйікті,ардақты,мейірімді,сабырлы» деген сөздерді қолданып, отбасы мүшелері туралы сөйлем құрастырту) |

| | |
|---|---|
| | 5.Күй күмбірі. Өлең барысында Құрманғазы Сағырбайұлының «Сарыарқа» күйі қосылады.<br>6.Ұлттық ойын. «Сақ құлақ»<br>Шарты: Бұл ойынның әрбір қимылы сөйлеп жүріп орындалады. «Сақ құлақ» ойынын қазір көбінесе «Телефон» деп атап жүр. Біз оның ескі атауымен аталуын жөн көрдік. Қатынасушылардың арасынан бір ойын жүргізуші тағайындалады. Ойнаушылар қаз-қатар түрегеліп тұрады немесе қатарласа отырады. Бірақ бір ойыншы мен екінші ойыншының арасы бір метрдей алшақ болуға тиіс. Ойынды бастаушы (І-ойнаушы) естілер-естілмес дауыспен бір-екі сөзді бірақ рет айтып қалады. Сол сөзді қағып алған 2-ойнаушы үшіншіге, үшінші төртіншіге, төртінші одан әрі тез-тез айтып, онан әрі жеткізе береді. Олардың бәрі сөздерді бір рет қана айтып, тым-тырыс отырады.<br>7.Мақал-мәтелдер айту,мағынасын түсіндіру.<br>8. «Бауыр керек!», «Немерем» әндерін тыңдату. |

Бекітілді ___
«Babi» жеке бөбекжайының
әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы
Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 23.03-27.03.2025ж

Құндылық: тәуелсіздік пен отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 23.03.2025ж | Сейсенбі 24.03.2025ж | Сәрсенбі 25.03.2025ж | Бейсенбі 26.03.2025ж | Жұма 27.03.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Мереке күні | Мереке күні | Мереке күні | Дәстүрлер туралы тіл ұстарту жаттығуларын айтқызып және қазақ тіліне тән дыбыстарынанық айтуға үйрету және жаңылтпаш қайталату | Салт-дәстүр туралы тіл ұстарту жаттығуларын айтқызып және қазақ тіліне тән дыбыстарынанық айтқызу |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Балаларға салт-дәстүр түрлерін атау және оларды түсіндіру | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |

| | |
|---|---|
| «Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы | Қазақтың салт-дәстүрлері»<br>Мақсаты:Салт-дәстүрлерлермен таныстыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, жай сөйлеммен сипаттап айтып беруге баулу. Балалардың сөздік қорын дамытуда, тақпақтар ,мақал -мәтелдер жаттауға баулу Салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>Ой қозғау:Төбедегі көзінен,<br>Күн сәулесі түседі.<br>Бұрышы жоқ төрінен,<br>Самал еркін еседі.<br>(Киіз үй)<br>Әрі төсек, әрі үй.<br>Иесі оның сәби.<br>(Бесік)<br>- Балалар, бүгін бізге қонаққа әже келді. Ол қазір бізге хазақ халқының дәстүрі «бесікке салу» дәстүрін көрсетеді.<br>«Шілдехана» салт -дәстүрі. Жаңа туған нәрестенің құрметі не жасалатын ойын сауық той.<br>Сөздік қорды дамыту.<br>Күй күмбірі. «Бесікке салу» дәстүрін көрсету барысында Құрманғазы Сағырбайұлының «Адай» күй күмбірі қосылады.<br>Салт-дәстүрге байланысты мақал –мәтел жаттау.<br>«Дәстүрдің озығы бар<br>Дәурені өткен тозығы бар»<br>«Дәстүрі жараспағаннның, Дәм тұзы жараспайды »<br>«Өз елім-өлең төсегім<br>Тілдік және артикуляциялық жаттығу:<br>Ап-ап-ап Өз орныңды тап.<br>Аш-аш-аш Ұстап алар қаш.<br>Үр-үр-үр Аман-есен жүр.<br>Йе-йе-йе Сөзде болсын жүйе.<br>(Тіл ұстарту жаттығуын орындайды)<br>Сөздік минимум:<br>Киіз үй, бесік, ою, қамшы.<br>Ұлттық ойын. «Орамал тастамақ»<br>Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы балалар ды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді.Артына орамалды таста ғанын сезген бала менің артамда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ |

| | |
|---|---|
| | айтып немесе билеп беруі керек. Өнерге баулу |
| «Болашақ» ересек тобы | «Мен полицей, бағдарламашы, дәрігер,хореограф-балерина боламын!» (Қуыршақ ойыншықпен  сипаттау)<br>1.«Жіп» жылулық шеңбері.Балалар бір-біріне жіпті беру арқылы жылы сөздер айтады.<br>2.«Сәлемдеме» ойыны.Шарты: Мұғалім балаларға Қарлығаш құстың хат әкелгені жайлы хабарлайды. Қорапты ашқанда, жоғарыдағы көрсетілген мамандықтардың қуыршақтары шығады.Қолға киіп,мамандық иелерінің міндеттерін сипаттау.<br>3.Қуыршақтар бойынша әңгімелесу.<br>4.«Кім жоқ?» ойыны.Шарты: Мұғалім балаларға мамандықтардың қуыршақтарына мұқият қарап,көздерін жұмуды сұрап,бір қуыршақты жасырады.Белгіден соң,балалар көздерін ашып,қандай мамандық жоқ екенін,оның қандай киімде болғанын сипаттап айтады.Дұрыс сипаттаған балаға смайлик береді.<br>5.Ұлттық ойын. «Сақа»<br>Шарты: Сақа болатын асық салмақты, ірі болуға тиіс. Ол көбінесе еркек қойлардың, не қошқарлардың асығы болып келеді. Асық ойынында тігілген асықтарды атуға жарамды сақа таңдап алынады. «Алшы ойыны» сақаның салмақты да алшы тұрғыштығына байланысты. Бұл ұту үшін өте қажет. Ойыншы сақаны өзі жасап алады немесе жақсысын таңдауы керек.<br>6.Шиырма,сергіту сәті.<br>7. Бағдарламашы, дәрігер,хореограф бала бақша қызметкерлерінің сюжетті-рөлді ойыны (қызметкерлерді қонаққа шақыру,құрал-жабдықтарымен келіп,қызмет үлгілерін сахналау)<br>8.Күй күмбірі. Сюжетті-рөлді ойын барысында Құрманғазы Сағырбайұлының  «Ақжелең»  күйі қосылады. |

Бекітілді ________

«Babi» жеке бөбекжайының

әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы

Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 30.03-03.04.2025ж

Құндылық: тәуелсіздік пен отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүдденің дамыту

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 30.03.2025ж | Сейсенбі 31.03.2025ж | Сәрсенбі 01.04.2025ж | Бейсенбі 02.04.2025ж | Жұма 03.04.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Көктем туралы тіл ұстарту жаттығуларын айтқызып және қазақ тіліне тән дыбыстарынанық айтуға қайталату Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жеке жұмыс. | «Қызыл телпек» ертегісінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтуға баулу | Көктем туралы тіл ұстарту жаттығуларын айтқызып және қазақ тіліне тән дыбыстарынанық айтуға қайталату | «Мен не білемін?» сұрақ-жауап әдісі арқылы күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға қалыптастыру. | «Тыңда, көрсет, қайтала» ойыны арқылы сөздерді еркін айтуға және қазақ тіліне тән «ө», «қ», «ү», «ұ», «і» дыбыстарынанық айтқызу. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Көктем туралы тақпақтар жаттау<br>Көктемгі табиғатта серуендеу | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |

| | |
|---|---|
| «Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы:«Көктем келді, құс келді»<br>Келді көктем!<br>Слайдпен жұмыс.Суретте көктем мезгілі бейнеленген. Жаңа сөздермен таңыстыру.<br>– Жылдың қай мезгілі бейнеленген?<br>– Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр.<br>– Көктемде күн жылынады. Жылы, жы-лы-на-ды. Күн жылынады.<br>– Көктемде қар ериді. Қар ... (ериді)<br>– Көктемде құстар ұшып келеді.<br>– Мынау – ағаш.<br>– Ағашта қандай өзгеріс байқалады? Мынау не?<br>Жаңа сөздерді, сөйлемдерді балалар жеке, хормен және педагогпен бірге түрлі дауыс ырғағымен қайталайды.<br>Дыбыстық жаттығу.  Ү-ү-ү- бүршік – бүүүршік – бүршік.<br>Ө-ө-ө- көктем – көөөктем – көктем.<br>Тақпақ оқу, таныс сөздерді тапқызу.<br>Құс келді<br>Қар су боп жөнелді –<br>Қалды дала жалаңаш.<br>Күн нұрына кенелді,<br>Бүршік атып бар ағаш.<br>(Б.Қозыкеев)<br>Балалар таныс сөздерді қайталайды: қар, күн, бүршік, ағаш. Тақпақты жаттайды.<br>Ұлттық ойын.  «Сақа»<br>Шарты: Сақа болатын асық салмақты, ірі болуға тиіс. Ол көбінесе еркек қойлардың, не қошқарлардың асығы болып келеді. Асық ойынында тігілген асықтарды атуға жарамды сақа таңдап алынады. «Алшы ойыны» сақаның салмақты да алшы тұрғыштығына байланысты. Бұл ұту үшін өте қажет. Ойыншы сақаны өзі жасап алады немесе жақсысын таңдауы керек.<br>Сергіту сәті<br>Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі.<br>Кіп-кішкентай ағаштар,<br>Үп-үлкен боп өседі.<br>Дидактикалық ойын «Сөйлемді аяқта». Берілген сөздерге жалғастырып, сөйлем құрау. Көктем ...<br>Күн ... Қар ... Ағаштар ... Көктемде ...<br>Күй күмбірі. Ойын барысында Дина Нұрпейісованың «Жеңіс» күйі қосылады. |

| | |
|---|---|
| «Болашақ» ересек тобы | «Мен құрылысшы, өрт сөндіруші, фермер, шаштаразшы,аспазшы боламын!) (Қуыршақ ойыншықпен сипаттау)<br>1.«Жіп» жылулық шеңбері.Балалар бір-біріне жіпті беру арқылы жылы сөздер айтады.<br>2.«Сәлемдеме» ойыны.Шарты: Мұғалім балаларға Қарлығаш құстың хат әкелгені жайлы хабарлайды. Қорапты ашқанда, құрылысшы, өрт сөндіруші, фермер, шаштаразшы, аспазшы мамандықтарының қуыршақтары шығады.<br>3.Қуыршақтар бойынша әңгімелесу.<br>4.Ұлттық ойын. «Соқыртеке»<br>Шарты: Ойын үйде де, далада да ойнала береді. Ойыншылар шеңбер құрып, дөңгелене турады да, ортада көзі байланған бір адамды қалдырады. Соқыр теке — сол. Қалған ойыншылар соқыр текені қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып жүреді. Ал соқыр теке сол түрткен адамды ұстап алып, тануға тиісті.<br>5.«Кім жоқ?» ойыны.Шарты: Мұғалім балаларға құрылысшы, өрт сөндіруші, фермер, шаштаразшы,аспазшы мамандықтардың қуыршақтарына мұқият қарап,көздерін жұмуды сұрап,бір қуыршақты жасырады. Белгіден соң,балалар көздерін ашып,қандай мамандық жоқ екенін,оның қандай киімде болғанын сипаттап айтады.Дұрыс сипаттаған балаға смайлик береді.<br>6.Күй күмбірі. Ойын барысында Құрманғазының Сары-Арқа күйі қосылады.<br>7.Шиырма.«Ұшқыш болып ұшайық, тігіншіге ұқсайық, дөңгелене би билеп, бишіге біз ұқсайық!»<br>8.Тұңғыш ғарышкер Ю.А.Гагарин туралы альбом суреттер қарау сәті. |

Бекітілді ______
«Babi» жеке бөбекжайының
әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы
Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 06.04-10.04.2025ж
Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
Құзыреттілік: инновациялық ойлау

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 06.04.2025ж | Сейсенбі 07.04.2025ж | Сәрсенбі 08.04.2025ж | Бейсенбі 09.04.2025ж | Жұма 10.04.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жеке жұмыс. | «Балақайға ертегі көрсетеміз!» сюжеттік суреттер арқылы таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды меңгерту | «Тыңда, көрсет, қайтала» ойыны арқылы сөздерді еркін айтуға және қазақ тіліне тән «қ», «ү», «ұ», «і» дыбыстарынанық айтқызу. | Ғарыш туралы жаңылтпаштар айтқызып және қазақ тіліне тән дыбыстарынанық айтуға меңгерту | «Мен не білемін?» сұрақ-жауап әдісі арқылы күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға қалыптастыру. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Ғарыш туралы тақпақтар жаттау<br>Ғарыш және ғарышкер жайлы әңгімелесу | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |

| | |
|---|---|
| «Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы:«Ғарыш әлемі»<br>Алдымызда 12- сәуір Ғарышкерлер күні болып саналады.Қане , барлығымыз тақтадағы суретке назар аудара отырып, аспан әлеміне саяхат жасаймыз. Өзіміз аспанда ұшып жүргендей болайық.<br>▪ Аспанда нелер бар?<br>▪ Жұлдыздар , ай, күн.<br>▪ Күн не үшін керек?<br>▪ Күн жылу береді, жарық береді.<br>▪ Ай не үшін керек?<br>▪ Түнде жарық береді.<br>▪ Ғарышкер деп кімді айтамыз?<br>▪ Осы жұлдыздарды, ай мен күнді зерттеу үшін ғарышқа ғарышкерлер<br>ұшады.<br>Әлемдегі тұңғыш ғарышкер Ю. Гагарин 1961 жылы 12 сәуірде« Восток » ғарыш кемесімен , Жер шарын 1 рет айналып шықты. Содан бері 12 – сәуір Ғарышкерлер күні мерекесі болып есептеліпкеледі..Ал біздің елімізден тұңғыш ғарышқа ұшқан Тоқтар Әубәкіров ағаларың.<br>Ұлттық ойын. «Сақ құлақ»<br>Шарты: Бұл ойынның әрбір қимылы сөйлеп жүріп орындалады. «Сақ құлақ» ойынын қазір көбінесе «Телефон» деп атап жүр. Біз оның ескі атауымен аталуын жөн көрдік. Қатынасушылардың арасынан бір ойын жүргізуші тағайындалады. Ойнаушылар қаз-қатар түрегеліп тұрады немесе қатарласа отырады. Бірақ бір ойыншы мен екінші ойыншының арасы бір метрдей алшақ болуға тиіс.<br>Жұмбақтар<br>Алтын кетті,<br>Күміс келді. «Күн,ай»<br>Қызыл күлше тау асады,<br>Ыстық нұрын шашады.<br>«Күн»<br>Зымыранды ерттеген<br>Ай жұлдызды зерттеген<br>«Ғарышкер» |

| | |
|---|---|
| | Жұлдыздар арасына ұшты<br>қызыл құйрық,үлкен ұшақ<br>(Зымыран)<br>Сергіту сәті: Балалар бізді белгісіз ғаламшар тұрғындары биге шақырады, билеп бойымызды жазып алайық *(бейнетаспа арқылы).*<br>Тақпақтар<br>Ғажап жерім Байқоңыр<br>Тұңғиықты ғарышты.<br>Тұнып тұрған алысты,<br>Орындалып арманы<br>Ғарышкерлер шарлады.<br>Ғарышжай Байқоңыр,<br>Қаннаттылар мекені.<br>Қазақ жері Байқоңыр,<br>Қай жер саған жетеді?<br>Күй күмбірі. Тақпақ кезінде Хамзин Мағауияның "Қосбасар" күйі қосылады.<br>Дидактикалық ойындар<br>Шарты: Планеталарды құрастыру |
| «Болашақ» ересек Тобы | Тақырып: «Айтыс өнері»<br>1.Тілдік дамытушы орта. «Алдар көсе қонақта» «Әнші бай» әңгімесін айту.<br>2.Дыбыстық мәдениет жаттығулары. Әңгімедегі ән жаттығуларын салу.<br>3. Ұлттық ойын. «Қамал күзету»<br>Шарты: Ойнаушылар санынан бір “күзетші” тандалады және ол ортада орналасады. Сол жерде сауыт (қамал) орналасады. Қалған ойнаушылар шамасы диаметрі 10 м шеңбер бойынша тұрып, қамалды доппен лақтырып “атады”, ал “күзетші” орнын ауыстырып отырып оны шабуылдан қорғайды. Қамалға тигізген “күзетшімен” бірге өз рөлдерімен ауысады. Ойнаушылардың минималды саны: 1 қақпашы, 1 шабуылшы; максималды ойнаушылар саны: 1 қақпашы, 3 шабуылшы.<br>4.Сөздікқор. Топқа бөлініп.айтыстан үзінділер жаттау.(4 ұл ,4 қыздан топтастырып айтыстыру)<br>5.Тілдің грамматикалық құрылымы. Мнемотехника арқылы суреттер бойынша әңгіме.<br>6.Күй күмбірі. Суретпен әңгіме құрастыру кезінде Д.Нұрпейісованың «Жеңіс» күйі қосылады<br>7.Байланыстырып сөйлеу. Айтыстағы айтылып жатқан ойды интонациямен хабарлау.Сөз екпінін түсіре айту. |

Бекітілді

«Babi» жеке бөбекжайының

әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы

Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 13.04-17.04.2025ж

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 13.04.2025ж | Сейсенбі 14.04.2025ж | Сәрсенбі 15.04.2025ж | Бейсенбі 16.04.2025ж | Жұма 17.04.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | «Әдемі сөздер шеңбері» ойынын ойнату арқылы қоршаған ортасында жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға баулу. | «Сиқырлы таяқша» ойынын ойнау өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдап және түсінуге меңгерту | Сурет бойынша Берілген мақал-мәтелмен жұмыстануға және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдату. | «Балақайға ертегі көрсетеміз!» сюжеттік суреттер арқылы таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды меңгерту | «Әдемі сөздер шеңбері» ойынын ойнату арқылы қоршаған ортасында жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға баулу. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Балаларға ою туралы түсінік беру<br>Ою туралы тіл ұстарту жаттығуларын қайталату | | | | |

| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | |
|---|---|
| «Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы:«Әжемнің оюлары»<br>Тақпақ оқу.<br>Әжем сырмақ сырады Әдетімен күндегі. Сырмақтағы оюы<br>Кең даланың гүлдері.<br>Ұлттық ойын «Қарт-құрт»<br>Шарты: Жас өспірімдер жиналып, өзара келісе отырып, тең екі топқа бөлінеді. Жүргізушінің айтуымен екі топтан екі ойыншы қарама-қарсы екі жаққа белгіленген бұтаның түбіне жіберіледі. Олар басқа ойыншыларға көрсетпей, бір таса жерге сызып белгілер салады. Олар қайтып оралғаннан кейін, екі топтың ойыншылары қарсыластарының салған белгілерін тауып, өшіріп тастайды. Сонан соң екі топтың ойыншылары ортаға қайта жиналып бірігеді де, барлығы бірге жүріп, белгілерді көріп, өшірілмей қалғандарын санап шығады. Қай топтың салған белгілері көбірек өшірілмей қалса, сол топ жеңіп шығады.<br>–Тақпақ не туралы?<br>– Әже не сырады? – Оюлар неге ұқсайды? – Кең даланың гүлдеріне ұқсайды. Тақтадаға тақырыпқа байланысты «Әжелер сырмақ жасап отыр» суреті ілінеді. Сурет бойынша жұмыс жүргізіледі.<br>Әжелер не істеп отыр? –Әжелер сырмақ жасап отыр. –Сырмақты оюмен өрнектеп отыр. Сырмақты немен өрнектеп отыр? – Сырмақты оюмен өрнектеп отыр. Үлгілер бойынша оюмен таныстыру. Ою – оюлар. –Мына ою «гүл» деп аталады. Мына ою қалай аталады? –Мынау ою «гүл» деп аталады. –Түсі қандай болады? (Суреттегі түстерді атайды). –Мынау ою «қошқармүйіз» деп аталады. Мынау қандай ою? –Мынау – «қошқармүйіз» ою. (Жеке-жеке айтып жаттығады). –Мынау – тұмарша, тұ-мар-ша – Мынау қандай ою? –Мынау – тұмарша. –Мынау – балта, бал-та. –Мынау қандай ою? Мынау – балта. Ою ерекшеліктерін, оны қолдану жолдары, олардың түстері туралы әңгімелеу. Ұлттық бұйымдардың өз оюлары, түстері болатынын түсіндіру. Оюларды көрсету, ою аттарын қайталату.<br>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).<br>Ү-ү-ү-ү – гүл – гүл<br>Қ-қ-қ-қ – қошқар – қошқармүйіз<br>Ұ-ұ-ұ-ұ – тұмарша – тұмарша<br>Сергіту сәті<br>Орнымыздан тұрайық, Керегені құрайық.<br>Уық болып иіліп, Шаңыраққа киіліп,<br>Киіз үйді құрайық.<br>Күй күмбірі. Сергіту сәті кезінде Құрманқазының «Кішкентай» күйі қосылады.<br>Ойын «Кім жылдам?» Мақсаты: ою атауларын, түстерді бекіту. Педагог әртүрлі түстегі оюларды көрсетеді, балалар түсін, ою атауын айтады. Бірінші айтқан бала оюды алады. Ойын соңында кім көп ою жинағанын санап, жеңімпазды анықтайды. |

| | |
|---|---|
| «Болашақ» ересек тобы | Қазақ тіліне тән «ғ» дыбысын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>1.Жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды түсіндіру.<br>2.Дәптермен жұмыс.<br>3.Дыбыстық жаттығулар.<br>4. «Ғ» дыбысы бар орныңды тап!» сөздік ойыны.<br>5.Күй күмбірі. Сөздік ойыны барысндa Д. Нұрпейісованың «Еңбек ері» күйі қосылады.<br>6.Ұлттық ойын. «Қармақ»<br>Шарты: Ортаға «балықшы» шығады. Қолында бір ұшына доп байлаған ұзын жіп болады. Балалар жіп жететін қашықтықта «балықшыны» айнала тұрады. «Балықшы» допты төбесінен айналдыра үйіріп бір баланың басына тигізуі тиіс. Балалар «балықшының» қармағына іліктес үшін суға сүңгіп, немесе тез жүзіп кетуі керек. Бірақ жіп жететін қашықтықтан алыстауға болмайды. «Қармақ» басына тиген бала «балықшы» болып ортаға шығады. Ойын жалғаса береді.[<br>Үлкенді үлгі, кішіні мақтан етуге, отбасының мақтаны болуға дағдыландыру. |

Бекітілді
«Babi» жеке бөбекжайының
әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы
Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 20.04-24.04.2025ж
Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
Құзыреттілік: инновациялық ойлау

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 20.04.2025ж | Сейсенбі 21.04.2025ж | Сәрсенбі 22.04.2025ж | Бейсенбі 23.04.2025ж | Жұма 24.04.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | «Мен не білемін?» сұрақ-жауап әдісі арқылы күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға қалыптастыру. | «Дос іздеген бота» ертегісінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтуға баулу | «Әдемі сөздер шеңбері» ойынын ойнату арқылы қоршаған ортасында жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануын қадағалау. | Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жеке жұмыс. | Ойлау қабілетін дамыту мақсатында жұмбақтар шешкізіп және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдауға және оны түсінуге қалыптастыру. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Балаларды асық атуға үйрету<br>Үй жағдайында балаларға асықты көрсетіп және асықпен ойналатын ойын түрлерін айтып түсіндіру. | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |

| | |
|---|---|
| «Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы:«Асықтар»<br>Қазақтың ұлттық ойындарының бірі-асық ойыны. Асық төрт түлік малдың ішінде қой-ешкінің тілерсегінде, асықты жілік басында орналасатын шымыр сүйек.<br>Қазақта асық киелі саналады.<br>Топқа 2 асық кіреді /бүк және шік/ екеуі күш сынасып жүреді.<br>Асық: Сәлем, достар! Қалайсыңдар? Бізге кімнің күші көп екенін айтыңдаршы<br>Педагог: Сәлеметсіздер ме асықтар? Асықтар, қазір білекпен күш сынасатын емес біліммен жарысатын кез, оған біздің балалар сендерге көмектеседі,солайма балалар?<br>Біздің қазіргі ұйымдастырылған іс-әрекетіміз 2 кезеңнен тұрады:<br>1-кезең «Сиқырлы асықтар»<br>2 кезең «Шаңырақ»<br>1-кезең «Сиқырлы асықтар»<br>Бұл кезеңде балалар тақтада көрсетілген түрлі-түсті асықтардың артында жасырылған тапсырмаларды шаршы арқылы орындайды.<br>Ұлттық ойын. «Қысқа жүгірістер»<br>Шарты. Қасында жүгіріп келе жатқандардың бәрін озам деп тырысып, бүкіл аяқ күшімен жүгіруге қажеті жоқ. Мында өзінің төзімділігін көрсетуі маңызды. Қашықтықты өлшейді және барлығы бірге “жалаушадан жалаушаға дейін”, ортаңғы темппен жүгіреді. Жүгіріп келді – тоқтады, барлық бірге бұрылып кері жүгіреді. Осылай бірнеше рет. Біреулері шыдай алмайды. Барлықтармен бірге жугіруге шаршасаң – тоқта, ойыннан шығасын.<br>1.Сұрақ-жауап 4.Сергіту сәті<br>2.Жұмбақ 5.Жаңылтпаш<br>3.Ою-өрнек құрастыру 6. Санамақ<br>2-кезеңі «Шаңырақ» ойыны**:**<br>Шарты: Ойынға барлық тәрбиеленушілер қатысады. Шаңырақ суретін барлық бала шеңбер болып қоршап тұрады. Асық балаларға киіз үй астында сурет болып жасырылған мақал-мәтелдерді ашып орындатады.<br>Құрметті қатысушылар, бүгінгі іс-шарада ұлттық ойынымыздың бірі - асық ойынымен тереңірек танысып, тапсырмалар орындап, түрлі ойын ойнадыңыздар. Келешекте осы ойынды одан әрі дамытып, ұмыт қалдырмай, өздеріңнен кейінгілерге де жеткізесіздер деп сенемін.<br>Күй күмбірі. Ойын барысында Төребайұлы Қыздарбектің «Жұбату» күйі қосылады. |

| | |
|---|---|
| «Болашақ» ересек тобы | Қазақ тіліне тән «Ң» дыбысы.<br>1.«Ң» әрпі неге ұқсайтынын айт.<br>2.«Ң» әрпінің сөздердегі орнын анықта. (Сөздің басы,ортасы,аяғында кездесуі:аң,қоңырау,шаң).<br>3.«Ң» дыбысын айтып үйрен! Фонетикалық жаттығу.Қол айнамен дыбыстық жаттығу жасау. «Н» дыбысымен салыстыра дыбыстық жаттығу жасату.<br>4.Ұлттық ойын. «Шертпек»<br>Шарты: Ойынға екі қабатталып есілген орамал керек. Ойыншыларды отырғызып болғаннан кейін жүргізуші енді орамалды иығына салып алып, ойнаушылардың артында біраз айнала жүреді де кез келген бір ойыншының екі көзін екі қолымен баса қояды. Сол кезде ойын жүргізушінің көрсетуімен білдірмей келіп, жолдастарының бірі маңдайынан, не болмаса, басының бір жерінен шертіп кетеді. Сонан соң ол қайтадан орнына барып немесе басқалармен орын ауыстырып отырады.<br>5.Атауында «Ң» дыбысы бар заттарды ата және боя.<br>6.Күй күмбірі. Әріптерді бояу кезінде Құрманғазы Сағырбайұлының «Сарыарқа» күйі қосылады.<br>7.Үлгі бойынша жаз.<br>Күтілетін нәтиже: Қазақ тіліне тән «ң»дыбысын, «ң» дыбысынан тұратын сөздерді дұрыс айтады; сөздегі «ң» дыбысының орнын ажыратады. |

Бекітілді
«Babi» жеке бөбекжайының
әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы
Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 27.04-01.05.2025ж

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 27.04.2025ж | Сейсенбі 28.04.2025ж | Сәрсенбі 29.04.2025ж | Бейсенбі 30.04.2025ж | Жұма 01.05.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | «Әдемі сөздер шеңбері» ойынын ойнату арқылы қоршаған ортасында жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға баулу. | «Тыңда, көрсет, қайтала» ойыны арқылы сөздерді еркін айтуға және қазақ тіліне тән «қ», «ү», «ұ», «і» дыбыстарынанық айтқызу. | «Балақайға ертегі көрсетеміз!» сюжеттік суреттер арқылы таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталату | Тыңда, көрсет, қайтала» ойыны арқылы сөздерді еркін айтуға және қазақ тіліне тән «қ», «ү», «ұ», «і» дыбыстарынанық айтқызу. | Мереке күні |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Топтағы балаларды жылулыққа,татулыққа дәріптеу.<br>Баланы достарымен әрқашан жақсы қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу. | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |

| | |
|---|---|
| «Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы:«Достық-біздің тірегіміз»<br>- Достық деген не?<br>-Дос қандай болу керек?<br>- Достық неден басталады?<br>- Достарың бар ма?<br>Мақал-мәтел<br>«Адам досымен, ағаш тамырымен мықты»<br>Сергіту сәті.<br>Зеңгір көктем,<br>нұрын төккен,<br>Ортақ біздің гүліміз, Жайнап өскен,<br>жайдары өскен,<br>Біз өмірдің гүліміз.<br>Бал достыққа, жолдастыққа<br>Шақырады әніміз. Тыныштықта, нұр құшақта<br>Бақыттымыз бәріміз.<br>Дидактикалық ойын<br>"Сиқырлы орындық"<br>Ойынның сипаттамасы:Бір бала орталықта "сиқырлы" орындыққа отырады, қалғандары ол туралы жылы лебіздер, жылы лебіздер айтады. Отырған адамды еркелетіп, құшақтай алады<br>Тіл ұстарту жаттығулары<br>Ла – ла – ла<br>Айдос жақсы бала.<br>Ыз – ыз – ыз<br>Анар бестік қыз.<br>Ға – ға – ға<br>Атқа тақты таға.<br>Ға – ға – ға<br>Болсын таза жаға.<br>Ға – ға – ға<br>Болсын аман аға. |

| | |
|---|---|
| «Болашақ» ересек Тобы | «Қазақ тіліне тән «һ» дыбысы»<br>1.«һ» әрпі неге ұқсайтынын айт.<br>2.«һ» әрпінің сөздердегі орнын анықта,оларды дөңгелектеп қорша.(гауһар, жиһаз, айдаһар,шаҺар,қаҺарман).<br>3.«һ» әрпін жазып үйрен.<br>4.Шиырма.<br>5. Ұлттық ойын «Шалма»<br>Шарты: Ойыншылар біріне-бірі қарсы қарап отырады да, дайын болған шалманы бірінің қолынан бірі алады. Алғашында екі ұшын біріктіріп түйеді де, екі қолға, яғни төрт саусаққа кигізеді, ортаңғы саусақпен кезекпен іліп алады, сонда «ыңыршаң» шығады. Екінші жағдайда, келесі ойнаушы басбармақ және сұқ қолымен ыңыршақтың екі жақ керегесінің үстінен астына қарай алып, «кереге» шығарады. Үшінші жағдайда керегені үстінен астына қарай алып, «шаңырақ» шығарады. Төртінші жағдайда шаңырақты екі шынашақпен айқастыра іліп алып, «астауша» шығарады. Бесіншіде «кереге» қайталанады, алтыншыда «шынтақ» шығады. Енді әрі қарай жалғастырып ойнай берсе — «астау», «кереге», «шынтақ», «астау», «кереге», «шынтақ» болып қайталана береді.<br>6.«һ» әрпін бос тор көзге жаз.Суреттерді боя.Айдаһарға «һ» әрпі бар дөңгелектерді бояуға көмектес.<br>7. Күй күмбірі. Әріптерді бояу кезінде Қаршыға Ахмедияровтың «Қыз ғұмыр» күйі қосылады.<br>8.Үлгі бойынша жаз. |

Бекітілді

«Babi» жеке бөбекжайының

әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы

Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 04.05-08.05.2025ж

Құндылық: бірлік және ынтымақ айы

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 04.05.2025ж | Сейсенбі 05.05.2025ж | Сәрсенбі 06.05.2025ж | Бейсенбі 07.05.2025ж | Жұма 08.05.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | «Әдемі сөздер шеңбері» ойынын ойнату арқылы қоршаған ортасында жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға баулу. | «Сиқырлы таяқша» ойынын ойнау өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдауға және кері байланыс жасату. | «Әдемі сөздер шеңбері» ойынын ойнату арқылы қоршаған ортасында жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға баулу. | Мереке күні | «Әдемі сөздер шеңбері» ойынын ойнату арқылы қоршаған ортасында жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға баулу. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | «Отан қорғар бүлдіршін»кеңесі<br>Балаға өз Отаны туралы тақпақты жаттату | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |

| | |
|---|---|
| «Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы: «Сарбазымын елімнің»<br>Балалар, 7 мамырда біз қандай мерекені тойлаймыз?Отан қорғаушылар деген кімдер? - Сарбаздар, жауынгерлер.<br>- Айтыңызшы, Отан қорғаушы кім бола алады?<br>- Өз елін сүйетін кез келген адам өз Отанының, өз Отанының қорғаушысы бола алады.<br>- Ал оның бойында қандай қасиеттер болуы керек?<br>- Мықты, батыл, батыл болуы керек, …<br>- Сонымен қатар ол тапқыр, зейінді, маңызды шешімдер қабылдай білуі керек.<br>Жұмбақтар 1. Бұл батылдар мен батырлардың мерекесі,<br>Адамзатты қорғайтындар,<br>Ақпан айында біз міндетті түрде атап өтеміз<br>Мереке... (Отан қорғаушылар күні)<br>2. Ұшақта ол ұшады,<br>Елімізді қорғайды. Ол бұйрықты орындайды:<br>Бізді аспаннан қорғап. (Ұшқыш<br>3.Екі шынжыр табан жорғалап жүр,<br>Зеңбірек тиелген мұнара. (Танк)<br>Ұлттық ойын «Ортаға түспек»<br>Шарты: Ортадан көп ойыншы сиярлықтай үлкен төрт бұрыш сызылады. Бірінші топ сол төрт бұрыштың ішіне енеді де, екінші топ сырттан орын алады. Ойын басталған соң сырттағы ойыншылар тік төрт бұрыштың ішіндегі ойыншыларды бір доппен дәлдеп ұра бастайды. Доп тиген ойыншы сызықтың сыртына шығарылады. Егер ол допты денесіне дарытпай, әрі жерге түсірмей қағып алса, сыртқа шығарылғандардың біреуін қайта кіргізіп алады. Тік төрт бұрыштың ішінде жалғыз ойыншы қалғанда, ұтып жатқан топ оған 10 не 20 рет сызықты айнала жүгіруге айып бұйырады.<br>Сергіту сәті<br>http/asdg/balabaksha.kz<br>Күй күмбірі. Сергіту сәті барысында Молдыбаев Аман Шоңбайұлының «Тайшолпы» күйі қосылады.<br>Дидактикалық ойын «Көлеңкесін тап»<br>Тақпақ Отан – сенің ата - анаң,<br>Отан – досың, бауырың.<br>Отан – өлкең, астанаң, |

| | |
|---|---|
| | Отан – аудан, ауылың. |
| «Болашақ» ересек тобы | Тақырыбы: «Ерлік-елге мұра, ұрпаққа өнеге!»<br>Мақсаты: Балаларға 9-шы мамыр туралы түсінік беру. Батыр апаларымыз, ағаларымыз, ерліктерімен таныстыру.Балалардың ақыл ойын, қиялын, сөз байлығын дамыту.Балаларды отансүйгіштікке, елін, жерін сүйетін батыл азамат болуға тәрбиелеу.<br>Әдіс-тәсілі: Көрсету, түсіндіру, сұрақ- жауап, мақтау мадақтау.<br>Көрнекілігі: Слайд, суреттер.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы: Қане балалар орнымыздан тұрып шаттық шеңбер құрайық:<br>Күлімде күн, күлімде,<br>Жер жасарып, көгерсін.<br>Кешегідей бүгінде,<br>Қанат қақсын көгершін.<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Қазір жылдың көктем мезгілі.<br>- Осы көктем мерекесінде қандай мерекені тойладық?<br>- 1-ші мамыр Ынтымақ бірлік мерекесін тойладық.<br>- Дұрыс айтасыңдар балалар, бұл мерекеде барлық ұлттар ынтымақты, бірлікті тойлайды. Әр ұлттың өнерлерін, билерін тамашаладық.<br>- Қане енді тақтада ненің суретін көріп отсыңдар?<br>- Дұрыс айтасыңдар балалар, бұл сарбаздардың суреті. Балалар сарбаз деген ұғымды қалай түсінесіңдер?<br>- Балаларға әскер туралы мағлұмат беру.<br>- Әскерге бару, әр баланың міндеті. Әр ер бала әскерге барып, азаматтық борышын өтеу керек.<br>- Қане балалар барлығымыз тақтаға назар аударайық.<br>(Балалардың назарын слайдқа аудару).<br>Қане барлығымыз тақтаға қараймыз. 1941 жылдан-1945жылға дейін елімізде үлкен соғыс болды. Бұл соғыста ағаларымыз өзіміздің жеріміз, еліміз үшін өз үлестерін қосты. Сондай батырлардың бірі Талғат Бигельдинов, Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қощқарбаев, Төлеген Тоқтаров. Осы аттары аңызға айналған аталарымыз бен апаларымыздың жасаған ерліктері мәңгі есімізде сақталады. Бейбіт күннің әрбір арайлап атқан таңы үшін, осы майдангерлерге қарыздармыз.<br>Бұл соғыс ұзаққа созылды.Қазақ халқына қиын болды.Сөйтіп 1945 жылы 30 сәуірде жеңіс туы тігілді. Ту тіккен Рахымжан Қошқарбаев. Сол жылдары бір үзім нанды бөлісіп жеді.Соғысқа ерлермен қатар, қыздарда аттанды.Солардың бірі Әлия Молдағұлова, Мәншүк Маметова апаларымыз.Әлия апамыз оқып жүрген оқуын тастап, әжесін тастап, майданға аттанды.Ал ауылдағы аналар, әжелер майданға кеткен адамдарға жылы шұлық ,кеудеше тоқып жіберіп |

| | |
|---|---|
| | отырды.Бауыржан Момышұлы ағамыз соғыстан аман есен оралып, Алматы қаласында өмір сүрді. Оны жасаған ерлігі үшін медальмен марапаттады. Талғат Беигельдинов атамыз ұшқыш болған. Ол әуеде ұшып жүріп шайқасқан. Сөйтіп 1945-ші жылы жеңіс туын тіккен Р.Қошқарбаев. Сол күні радиодан, соғыс аяқталып, жеңіске жеткенімізді хабарлады.<br>Сергіту сәті: Ақ көгершін, көгершін,<br>Қол қанат құс сен едің.<br>Бар кезіп қайт, ел үшін,<br>Кең дүниенің көлемін.<br>- Міне балалар, осы батырларымыздың арқасында қазір бейбітшілік заманда өмір сүріп жатырмыз. Жеңіске жеткеннен кейін Қазақстан тәуелсіз ел болды. Яғни өзіміздің туымыз, ел таңбамыз, ән ұранымыз бар.<br>- Қане балалар осы жеңіс мерекесі туралы, кім мақал-мәтел айтып береді.<br>- Димаш: Алаулап гүл жарады,<br>Туған жер құлпырады.<br>Бейбітшілік болса,<br>Үйлерде құламайды.<br>Ешкімде жыламайды,<br>Бейбітшілік болса,<br>Балалар болады аман.<br>Аналар болады аман.<br>- Азамат: Даламыздың даңқысың,<br>Туған жер құлпырады.<br>Жанын қиып, халқы үшін,<br>Жанып түскен ақ жұлдыз.<br>- Арсен: «Отан отттанда-ыстық»<br>- Жайберген: «Еңбек ерлікке жетелейді,<br>Ерлік елдікке жетелейді»<br>Д/о: Жұлдызша<br>Шарты:Балалар жұлдызшадағы сұрақтарға жауап беру керек.<br>-1ші мамыр қандай мерекені тойладық?<br>-Ерлік көрсеткен қандай батырларды білеміз?<br>-Жеңіс туын тіккен,ағамыз кім?<br>-Мәңгілік алау дегеніміз не?<br>-Жарайсыңдар балалар барлығыңда ойынға жақсы қатыстыңдар.<br>-Сонымен балалар,Отан соғысында ерлік көрсеткен қандай батырларды білеміз? |

| | |
|---|---|
| | Ақжүрек: М.Маметова апамыз, Ә. Молдағұлова апамыз.<br>Анар:Б. Момышұлы, Т. Бегельдинов ағамыз.<br>-Өте жақсы, жарайсыңдар балалар.<br>Осы батырларымыздың есімдерін мәңгі жадымызда сақтап, ерліктеріне басымызды иіп жүруіміз керек. Біздің қаламызда майдангер батырларды еске алып, гүл шоқтарын қоятын ескерткіш- Мәңгілік Алау бар. Ал қазіргі тыныш бейбіт елде өмір сүруіміз осы батырларымыздың алып берген қол жетпес бейбітшілігі.Балалар осымен бүгінгі сабағымыз аяқталды ,бүгін барлығында ұйымдастырылған оқу қызметіне жақсы қатыстыңдар. |

Бекітілді ____________
«Babi» жеке бөбекжайының
әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы
Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 11.05-15.05.2025ж
Құндылық: бірлік және ынтымақ айы
Құзыреттілік: тиімді коммуникация

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 11.05.2025ж | Сейсенбі 12.05.2025ж | Сәрсенбі 13.05.2025ж | Бейсенбі 14.05.2025ж | Жұма 15.05.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Мерек күні. | «Әдемі сөздер шеңбері» ойынын ойнату арқылы қоршаған ортасында жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға баулу. | Ойлау қабілетін дамыту мақсатында жұмбақтар шешкізіп және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдауға және оны түсінуге қалыптастыру. | «Тазша бала» ертегісінің мазмұныбойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталату. | «Мен не білемін?» сұрақ-жауап әдісі арқылы күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға қалыптастыру. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Тақпақтар мен тіл ұстарту жаттығуларын қайталату. | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |

| | |
|---|---|
| «Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы | «Менің бөлмем»<br>– Сәлеметсіздер ме?!<br>Ойын: «Қандай сөз артық?». Педагог сөздерді айтады, балалар мұқият тыңдап қандай сөз артық екенін табады. Мысалы: кереует, үстел, нан, кілем.<br>Сурет көрсетіледі.<br>Мынау қандай бөлме?<br>–Мынау – балалар бөлмесі.<br>–Бөлмеде нелер бар? Бөлмедегі заттарды атап, көрсетеді. Бөлмеде кілем, кереует, үстел, орындық бар. Бөлмеде ойыншықтар бар.<br>–Бөлме қандай? (әдемі, жарық)<br>–Терезеде перде бар. Перде әдемі.<br>–Мынау не? (Перде сөзін жеке, хормен қайталайды).<br>–Бөлмеде кітаптар бар. Кі-тап-тар.<br>–Сенің бөлмең бар ма? Бөлмеңде не бар?<br>Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды, жеке-жеке жауап береді.<br>Ұлттық ойын. «Тауық күрес»<br>Шарты: Осы екі жақтан екі жігіт ортаға шығып, кәдімгіше күрес жасайды. Оның ең қызыгы да, басқаша күрестен айырмасы да тек жалғыз аяғымен ақсаңдай жүріп, иықтарымен қағысып, күресуінде, бұл адамның нық басып, орнықты жүруін жеңілдетеді.<br>Сергіту сәті<br>Дөңгелене тұрайық,<br>Керегені құрайық.<br>Уық болып иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп,<br>Киіз үйді құрайық.<br>Ақ қағазбен жұмыс.<br>Күй күмбірі. Сергіту сәті кезінде Төребайұлы Қыздарбектің «Жұбату» күйі қосылады.<br>Дидактикалық ойын<br>Бөлмеде көрсетілген заттарды құрастырады. |
| «Болашақ» ересек тобы | «Кім әскерде қызмет етеді?»<br>1. «Солдат болам мен ертең!» әнін айту.<br>2.«Менің әкем (атам,ағам,көкем) әскер адам» атты сурет көрмеін тамашалау және әңгімелесу.<br>3.Сурет бойынша әңгімелесу.<br>4.Ұлттық ойын «Есімде»<br>Шарты: Ойынның мақсаты: есте мықтап ұстау, жаңылшақтыққа, ұмытшақтыққа жол бермеу. Мұны көбінесе ересек адамдар |

| | |
|---|---|
| | ойнайды, олар өзара уәделесіп бәс тігіседі. Ойынның мерзімі қысқа болса, тобықты қолға қысып жүруге, ал мерзімі ұзақ болса, қалтаға салып жүруге де болады. Жақсылап, тазалап мұжылған қойдың тобығын бір ойыншы екінші кісіге береді. «Бұл екеуі кезкелген уақытта жолыға қалса, бірінші ойыншы: «Есімде»— деп әңгімесін бастайды.<br>5.Теңізші туралы әңгімелесу.<br>Күй күмбірі. Әңгімелесу  кезінде Дина Нұрпейісованың «Әсем қоңыр» күйі қосылады.<br>6.«Теңізшіге не керек?» д/о<br>7.Шиырма.«»Қәне, капитан!» тыныс алу жаттығуы.<br>8.«Жалауша» ойыны. |

Бекітілді ____________

«Babi» жеке бөбекжайының

әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы

Педагогтің аты-жөні:Мендуллина Альбина Шамелқызы

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 18.05-22.05.2025ж

Құндылық: бірлік және ынтымақ айы

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 18.05.2025ж | Сейсенбі 19.05.2025ж | Сәрсенбі 20.05.2025ж | Бейсенбі 21.05.2025ж | Жұма 22.05.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Ойлау қабілетін дамыту мақсатында жұмбақтар шешкізіп және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдауға және оны түсінуге қалыптастыру. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жеке жұмыс. | Жиһаздар туралы жаңылтпаштар айтқызып және қазақ тіліне тән дыбыстарынанық айтқызу. | «Менің үйім» тақпағын жаттатып және қазақ тіліне тән дыбыстарынанық айтқызу. | «Балақайға ертегі көрсетеміз!» сюжеттік суреттер арқылы таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше айтуды қайталау | Ойлау қабілетін дамыту мақсатында жұмбақтар шешкізіп және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдауға және оны түсінуге қалыптастыру. |

<table>
<tr><td>Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес</td><td>«Үй жиһаздары» кеңесінде балаларға тіл ұстарту жаттығуларын айтқызу</td></tr>
<tr><td colspan="2">Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер</td></tr>
<tr><td>«Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы</td><td>Тақырыбы:«Жиһаздар»<br>-Балалар қуыршақ жаңадан үйге көшіпті. Үйіне заттар алып келіпті.Қандай заттар алып келгенін білгілерің кел ме?<br>Олай болса қуыршақтың үйін көрейік.<br>Балдаларға жиаздардың суретән жеке –жеке көрсетіп, тұрмыста не үшін қолданылатынын сұрау.<br>Жиһаздарға не жатады?<br>-Енді осы заттарды не үшін керек екендігін айтыңдаршы.Мысалы үстел не үшін керек?<br>-Дұрыс-ақ<br>Ал, мынау не?<br>Орындықты не үшін пайдаланамыз?<br>Орындық неден тұрады?<br>Сергіту сәті:<br>Орынымыздан тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Қолымызды жаяйық<br>Құс боп қанат қағайық.<br>Ұлттық ойын «Хан ату»<br>Шарты: Ойынға көп асықтары бар 2 немесе 4 ұл бала қатыса алады. Үстел алдында отырып, бүкіл асықтарын шығарады (мысалы, 3 адам 10 асықтан). “Хан” түрінде белгі бір асықты тандайды және бір немесе бірнеше асықтарды ортаға қояды, сосың оларды қолға алып, кезекпен еденге лақтырады. Егер осы уақытта “хан” алшы қалпында болса, онда осы қалпында тұрған асықпен оны соғу керек. Дәл осылай “хан”, бүк немесе ішік қалпында болса. Соққан асықты қалтасына салып, қатысушы ойынды жалғастырады. Егер ойнаушы”ханға” көздегенде басқа асыққа тигізсе немесе мүлдем тигізбесе, онда ол ойыннан шығады. Асықтарды келесі жинайды және лақтырады. Ойын асықтары біткенше дейін жалғаса береді.<br>Жиһаздардың жасалу кезеңдеріне тоқталатын болсақ.<br>1.Өсіп тұрған ағаш.<br>2.Сүргіленген бөренелер.</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | 3. Тақтайшалар, ағаш үгінділер.<br>4. Жиһаздың дайын болған кезі.<br>«Артығын тап»<br>Ойын шарты: алдарында берілген карточкалардағы суреттердің ішінен артық затты сызып тастау<br>Жұмбақтар<br>Жайылған дүниеге бір ғажайып<br>Тік көтеріп отырар адамдарды.<br>(Орындық)<br>Арқасында азығы,<br>Бауырында қазығы.<br>(Үстел)<br>Төрт бұрышты, бір ауызды.<br>(Сандық)<br>Аяғы төртеу, жүре алмайды,<br>Не жатып бір сәт те дем алмайды.<br>Отырған адамға дап – дайын,<br>Тік ұстап тұрар тақтайын.<br>(Орындық)<br>Күй күмбірі.Балаларды тыныштандыру барысында  Әбдімомын Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйі қосылады. |
| «Болашақ» ересек тобы | «Аспан мен Күн»<br>1.Жылулық шеңбері.(ҰІ таза ауада өткізу) Балалар шеңбер болып тұрып,қимыл-әрекетпен табиғатқа ыстық ықыластарын білдіреді: -Армысыз,қайырымды Аспан-Ата!-Армысыз,мейірімді Жер-Ана!-Армысыз,шұғылалы Алтын Күн!<br>2.Әңгімелесу.Күннің көзі жарқырап шыққан кезде,табиғат құлпырып,гүлдер, шөптер, құстар,жануарлар,адамдар ұйқыдан оянып, өздерін қуанышты сезінеді.-Балалар, аспанда Күн болмаса,дала қандай болады? (Қараңғы,суық болады).Күн бізге,Жерге жылуын,сәулесін шашып тұрады.<br>3.Ұлттық ойын  «Арқан тартыс»<br>Шарты: Тартысқа түскен екі топ бірін-бірі тартып, жердегі орталық сызықтан бұрын сүйретіп өткізіп әкету. Екі топтың қай жағы орталық сызықтан қарсы топты бұрын сүйреп өткізіп әкетсе, сол жағы ұтқан болады, жеңген жағы бәйгесін алады.<br>4.Мұғалім балаларға Күн туралы жұмбақ жасырады: Таңмен көзін ашады,әлемге нұрын шашады.Бұл не? (Күн )<br>-Бүгін күн қандай?Ауа райы қандай?-Күн қандай болады? (Дөңгелек,үлкен,ыстық). Күннің түсі қандай? (сары, алтын түсті)<br>5.Шиырма. «Күн ұйықтайды»(қимыл-қозалыспен) Күн ұйықтайды.Күн оянады. Жел соқты.Жаңбыр жауды.Бұлт түнерді. Найзағай шатырлады.Күн ашылды.Жел басылды.<br>6.Құммен жұмыс. «Әрқашан күн сөнбесін!» тақырыбына құмға сурет салу. |

| | |
|---|---|
| | Күй күмбірі. Құмға сурет салу  кезінде Құрманғазы Сағырбайұлының «Серпер» күйі қосылады.<br>7. «Әрқашан күн сөнбесін!»әнін орындап,жылулық шеңберін айналу. |

Бекітілді ________

«Babi» жеке бөбекжайының

әдіскері Махамбет.Қ.М

**Қазақ тілі мұғалімінің тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нурджигит» «Babi» жеке балабақшасы

Педагогтің аты-жөні: Мендуллина Альбина Шамелқызы

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 25.05-29.05.2025ж

Құндылық: бірлік және ынтымақ айы

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

| Жұмыс түрлері | Дүйсенбі 25.05.2025ж | Сейсенбі 26.05.2025ж | Сәрсенбі 27.05.2025ж | Бейсенбі 28.05.2025ж | Жұма 29.05.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі | «Балапан» ортаңғы тобы | | «Болашақ» ересек тобы | «Еркемай» ортаңғы тобы | |
| Баламен жеке жұмыс | Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жеке жұмыс. | «Алтын балық» ертегісінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтуға баулу | Сурет бойынша берілген мақал-мәтелмен жұмыстануға және өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдату. | Күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға баулу. «Мен қандаймын?» ойынын ойнату. | «Тыңда, көрсет, қайтала» ойыны арқылы сөздерді еркін айтуға және қазақ тіліне тән «ө», «қ», «ү», «ұ», «і» дыбыстарынанық айтқызу. |
| Тәрбиеші мен ата-аналарға кеңес | Балаларды жаз мезгілінде жиі серуендету.<br>Таза ауада түрлі ойындар ойнату. | | | | |
| Кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер | | | | | |

| | |
|---|---|
| «Балапан» ортаңғы тобы<br>«Еркемай» ортаңғы тобы | Тақырыбы: «Алақай! Жаз келді!»<br>Бұл суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?<br>Жаз мезгілі екенін қайдан білдіңдер?<br>Жазда күн қандай болады?<br>Бізде қандай өзен бар?<br>Ал сендер өзенге, көлге шомылдыңдар ма? Кіммен бардыңдар?<br>Интерактивті тақтамен жұмыс (жаз мезгілін тамашалау) видео<br>Ұлттық ойын. «Ортаға түспек»<br>Шарты: Ойынға қатынасушылар екі топқа бөлінеді. Ойын үлкен алаңда өту тиіс. Ортадан көп ойыншы сиярлықтай үлкен төрт бұрыш сызылады. Бірінші топ сол төрт бұрыштың ішіне енеді де, екінші топ сырттан орын алады. Ойын басталған соң сырттағы ойыншылар тік төрт бұрыштың ішіндегі ойыншыларды бір доппен дәлдеп ұра бастайды. Доп тиген ойыншы сызықтың сыртына шығарылады. Егер ол допты денесіне дарытпай, әрі жерге түсірмей қағып алса, сыртқа шығарылғандардың біреуін қайта кіргізіп алады.<br>Ойын- жаттығулар: «Көбелектер мен гүлдер» ( «көп» және «1»)<br>«Көпірмен өтеміз» (енін, ұзындығын салыстыру)<br>«Ботаға киіз үйді табуға көмектес» (кеңістікті бағдарлау)<br>«Ботаның сүйікті ойыншығы» (геометриялық пішіндерді танып, атау)<br>«Бұл қай мезгіл» (тәулік)<br>Интерактивтік тақтамен жұмыс.<br>Ал, енді топқа бару үшін тағы бір көпірден өтеміз.<br>Д/О: «Бұл қай кезде болады?»<br>Балалар интерактивті тақтада жыл мезгілдеріне сәйкес болатын өзгерістерді<br>айтады.<br>Күй күмбірі. Д/о барысында Құрманғазы Сағырбайұлының «Қызыл қайың» күйі қосылады.<br>Қорытынды<br>Жұмбақ не туралы айттық? Ал қазір жылдың қай мезгілі? Бейне баянда не көрдіңдер? |
| «Болашақ» ересек Тобы | «Алақай,жаз келді!»<br>1.Жылулық шеңбері.<br>2. «Алақай,жаз келді!» тақырыбына әңгімелесу.<br>3.Ұлттық ойын: «Асықтар»<br>Шарты: Кестеде көрсетілген ұяшыққа ,алдында тұрған карточкалар арқылы асықты сәйкестендір. |

| | |
|---|---|
| | «Қыз бала мен ұл баланың киімін ажыратамыз»<br>Тақтада қызыл және көк түсті екі үлкен конверт ілініп тұрады. Ұл бала мен қыз баланың киімдерінің суреттерін араластырып, екі конвертке ажыратып салуын және сол киімдерді ұл мен қызға тиесілі заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауын сұраймын.<br>4.Шиырма.<br>Күй күмбірі. Шиырма жасау барысында Құрманқазының «Алатау» күйі қосылады.<br>5. «Жазда не болады?» ойыны.<br>6. «Жазда не істеуге болады?» ойыны<br>7.Тасбақаға саяхат.(Бөбекжайдағы террариуммен таныстыру) |